

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 164 (9482) || 1954 жылғы 18 август Сәрсенбі || Шығуына 35 жыл
және саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советінде. Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы (1-бет).

ЕГІН ЖЫЙНАУДА ӘРБІР САҒАТ УАҚЫТ ҚЫМБАТ: И. Никулин. —Комбайн қуатын өнімді пайдаланамыз. М. Болатов. —Мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай отыр.

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ: В. Короткевич. — Ауыл-селоларды көркейте берейік. С. Қуатбеков. —Құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде (2-бет).

ХАЛЫҚ ҚАЖЕТІН ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӨТЕУ — АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ: М. Гречкоев. —Халық тұтынатын товарлар көп және сапалы өндірілсін. А. Қазиев. —Зайцев басқарған цехта (2-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ: Қыйыр Шығыс павильонында (2-бет).

Б. Феденев. —Мұғалімдердің август кеңестерінің міндеттері (3-бет).

М. Шейнман. —Ватикан империализмге қызмет етуде (3-4-беттер).

Г. Малдыбаев. —Есіл алқабында (4-бет). Шетел хабарлары (4-бет).

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен
ССР Одағы Министрлер Советінде

Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі бұрын пайдаланылмай жатқан көптеген миллион гектар тың және тыңайған жерлерді өңдеуге қамту есебінен елімізде астық өндірісін арттыру туралы партия мен үкіметтің шақыруын қызу қарсы алып, бүкіл халық мақұлдағандығын қанағаттанғандықпен атап өтеді. Партия, совет және ауылшаруашылық органдары, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлері, өнеркәсіп пен транспорттың жұмысшылары тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде, жаңа жерлер игерілетін аудандардағы МТС-терді, колхоздарды және совхоздарды техникамен, жабдықтармен, запас бөлшектермен, тұқымен және басқа да қажетті материалдармен қамтамасыз етуде қысқа мерзім ішінде зор жұмыс жүргізді. Тың және тыңайған жерлерде кәзіргі заманның ауылшаруашылық машиналарымен жабдықталған 124 ірі жаңа астық совхоздары ұйымдастырылды. Өнеркәсіптің, МТС-тер мен совхоздардың 150 мыңнан аса маман жұмысшылары, инженерлері, техниктері, агрономдары және ауыл шаруашылығының басқа да мамандары ерлік түрде барып тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі жұмысқа белсене кірісті.

1954 жылдың көктемінде жаңадан игерілетін жерлерде жоспар бойынша 2,3 миллион гектар егудің орнына 3,6 миллион гектар бидай және басқа дақылдар егілді. Тың және тыңайған жерлерде дәнді дақылдар егу жоспары колхоздарда 156 процент және совхоздарда 176 процент орындалды.

Қолданылған шаралар нәтижесінде үстіміздегі жылдың өзінде Батыс Сибирь мен Қазақстанның аудандарында тың және тыңайған жерлерде дәнді дақылдар егу есебінен астықтың жалпы түсімі едәуір арттырылады. Осы жылғы 10 августқа дейін 13,4 миллион тың және тыңайған жерлер жыртылды, бұл белгіленген жоспардың 103,2 проценті. Омск, Ақмола, Новосибирск, Чкалов, Курган, Павловар, Тюмень, Көкшетау, Қарағанды, Челябинск, Чита, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Иркутск, Саратов облыстарының, Башқұрт АССР-інің МТС-тері мен колхоздары, сол сияқты, Сталинград, Ростов, Челябинск облыстарымен Ставрополь және Краснояр өлкелерінің совхоздары тың және тыңайған жерлерді жырту жөніндегі жоспарлы тапсырманы асыра орындады. Бұдан басқа тың және тыңайған жерлерді жырту жоспары берілмеген РСФСР-дің бірқатар облыстары мен республикаларының және Қазақ ССР-інің МТС-тері мен колхоздары 10 августқа дейін 719 мың гектар тың және тыңайған жерлерді көтерді, оның ішінде Амур облысының колхоздары 161 мың гектар, Сталинград облысының колхоздары 129 мың гектар, Бурят-Монгол АССР-інің колхоздары — 104 мың гектар жер көтерді. Осы жылғы 10 августқа дейін ССРО бойынша барлығы колхоздар мен совхозда өнімді мол беретін 14,1 миллион гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды. МТС-тер, колхоздар мен совхоздар 1955 жылдың егісіне тың және тыңайған жерлерді көтеру жұмысын әлі де жүргізуде.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі Қазақстанның, Сибирьдің және Уралдың аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде үстіміздегі жылы қол жеткен табыстарды пайдаланылмай жатқан құнарлы жерлерді игеру

аудандарының колхоздары, МТС-тері мен совхоздары жаңа жерлерді игерудің 1954 жылғы көктемдегі тәжірибесі бойынша және техниканы толық пайдалана отырып 1955 жылдың көктемінде, 1954 жылы көтерілген пар және зыбже егін егуден басқа едәуір көлемде тың және тыңайған жерлерді қосымша жыртып, дәнді және басқа да ауылшаруашылық дақылдарын егеді деп сенеді.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің, РСФСР Министрлер Советінің, Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың, Поволжьеңің, Солтүстік Кавказдың, еліміздің тағы басқа аудандарының партия, совет және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды міндеті — дәнді және басқа дақылдардың егіс көлемін онан әрі ұлғайту, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндіруді арттыру, жаңадан игерілетін жерлердегі дәнді және басқа да ауылшаруашылық дақылдардың егісін 1956 жылдың өзінде 28—30 миллион гектарға жеткізу деп есептелінсін.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, РСФСР Министрлер Советі және Қазақ ССР Министрлер Советі 1955 және 1956 жылдарда егін егін игеруі үшін тың және тыңайған жерлер өлшеп беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруда жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарына, МТС-терге, колхоздарға және совхоздарға барынша көмек көрсететін болсын, жаңа жерлерді игеру және ол жерлерде дәнді дақылдардан мол өнім алу жөнінде озат колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың тәжірибелерін кеңінен насихаттап, енгізетін болсын.

2. Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру жөнінде үлкен мүмкіншіліктер болып отырғанына және бұл жерлерде ауылшаруашылық дақылдарын өсіруді толық механикаландырудың қажеттігіне байлаңысты ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, Дайындау министрлігіне, Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігіне тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандардың МТС-терін, совхоздарын және колхоздарын тракторлармен, комбайндармен, ауылшаруашылық машиналарымен, автомобильдермен, жабдықтармен, материалдармен, стандартты үйлермен қамтамасыз ету, сол сияқты, элеваторлар, қоймалар, жолдар және кірме жолдар салу жөнінде ұсыныстар әзірлеу жүктелсін.

3. Сибирь мен Қазақстан аудандарында тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру көбінесе совхоздар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылуға тиіс екендігін еске ала отырып, ССРО Совхоздар министрлігіне, РСФСР Министрлер Советіне және Қазақ ССР Министрлер Советіне бұл аудандарда астық совхоздарын ұйымдастыру және оларды материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар белгілеу жүктелсін.

4. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, РСФСР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Министрлер Советіне, жаңа жерлерді игеретін аудандардың жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарына тың және

ЕГІН ЖЫЙНАУДА ӘРБІР САҒАТ УАҚЫТ ҚЫМБАТ

★ Комбайн қуатын өнімді пайдаланамыз ★

Быйыл біздің Тоқшын совхозының коллективі бітік егін өсірді. Әрбір комбайн агрегатын бітік өскен егінді жыйнауға өнімді пайдалана отырып, бұл жұмысты қысқа мерзім ішінде аяқтау комбайншылардың негізгі міндеті болып табылады.

Мен басқаратын комбайн агрегатында біз семьямызбен жұмыс істейміз. Ұлымы Алексей Никулин менің көмекшім болып істейді. Ал, екінші ұлымы Василий сабан шөмелегіштің жұмысын басқарады. Ставрополь өлкесіндегі Петров МТС-сі комбайншыларының шақыруына жауап беру үшін біз егін жыйнауға кіріспес бұрын өзімізге көтерілді міндеттемелер алдық. Мұнда күш- мүмкіншіліктерімізді толық есептей отырып, өздігінен жүретін «С-4» комбайнымен 500 гектар егін жыйнап, оның әрбір гектарынан кемінде 14 центнерден астық бастыруға және 10 процент жанар май үнемдеуге ұйғардық. Сөйтіп, социалистік жарысқа «Сталинец-1» комбайнымен жұмыс істейтін комбайншы Романов жолдасты шақырдық.

Біз бұл міндеттемемізді жүзеге асыру жолында күресе отырып, егін жыйнауды алғашқы күнінен бастап комбайн қуатын өнімді пайдаланып келеміз. Агрегаттымыз кәзір күн сайын норма бойынша 9 гектардың орнына, 18-20 гектар жердің егінін жыйнап жүр. Егін жыйналған учасоктердің әрбір гектарынан орта есеппен алғанда 13 центнерден астық бастырып отырмыз. Сонымен бірге, күн сайын 30 процент жанар майын үнемдеп келеміз. Мұның өзі әрбір 3-4 күннен кейін үнемделген жанар май есебінен жұмыс істеуімізді қамтамасыз етіп келеді.

Бірақ біздің агрегатта еңбек өнімділі-

гін бұдан да арттыра түсуге мүмкіншілік бар. Алайда, біз сол мүмкіншіліктерді әзірше толық пайдалана алмай келеміз. Совхоз басшылары біздің комбайннан астық алуға бір жүк автомашинасын бөлгенді. Ал, бұл машина бастырылған астықты кезінде алып отыруды үлгере алмай жүр. Бункерден астық тиіп алған машина қырманнан қайта оралып келгенше бункеріміз толып қалады да, машинаны күтіп комбайнды тоқтата тұруға мәжбүр боламыз. Бұл жағдайды совхоз басшылары, оның директоры Мейірбеков жолда білмейді емес, жақсы біледі. Біз Мейірбеков жолдасқа комбайн агрегатын жұмыстан бөгеуе шараларын қарастыру жөнінде талай рет талаптар қойдық. Бірақ біздің бұл талабымыз әзірше қанағаттандырылмай келеді. Осының салдарынан күн сайын кемінде 3-4 сағат уақытымыз машина күтіп қарап тұрумен өтіп жүр. Ал, бұл уақыт жұмысқа толық пайдаланылған болса, онда біз қосымша тағы да екі-үш гектар жердің егінін жыйнаған болар едік.

Комбайн — егін жыйнаудағы шешуші күш. Оның қуатын өнімді пайдалану комбайншылардың абройлы міндеті. Біз бұл міндетімізді ойдағыдай орындау жолында жанамай күресе отырып, алған міндеттемемізді мүлтіксіз орындап шығамыз. Бұл жөнінде комбайншыларға күнбе-күн қамқорлық жасап, олардың машина қуатын өнімді пайдалануына жағдай туғызды деп совхоз басшыларына сенеміз.

И. НИКУЛИН,
Тоқшын совхозының өздігінен жүретін «С-4» комбайнының механик-комбайншысы.

Мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай отыр

Совет ауданындағы Сартомар МТС-нің комбайн паркі жыл сайын жаңа комбайндар есебінен толықтырылып келеді. Кәзір МТС-те 26 комбайн бар. Егер бұл комбайн-

МТС қамтуындағы колхоздардың басшылары да егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарына колхоздың барлық жағынан толық пайдаланылмай отыр.

леп біледі. 1954 жылы 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлер жыртыу жөнінде белгіленген тапсырмамен колхоздар мен совхоздар дәнді дақылдар егесін оған әрі ұлғайту үшін, еңбекті және материалдық құралдарды неғұрлым аз жұмсап, астық өндірісін едәуір арттыру үшін қажетті еліміздегі зор мүмкіндіктер әлі толық қамтылмады.

Көп көлемді тың және тыңайған жерлерді тез игеру үшін совет мемлекетінде қажетті мүмкіндіктердің бәрі де бар. Еліміздің ауыл шаруашылығында кәзір маман жұмысшылар мен мамандардың үлкен армиясы жұмыс істеп жүр, біздің өнеркәсібіміз тракторлар, комбайндар, автомобильдер, ауылшаруашылық машиналары, жабдықтар және материалдар жөнінде МТС-тердің, совхоздар мен колхоздардың қажетін қанағаттандыра алады.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Колхоздар мен совхоздарда жаңа жерлерді игеріп, шаруашылық айналымына қосу елімізде астық қорын арттырудың жалпы мемлекеттік ісіне ірі үлес қосу болып табылады, бұл колхоздар мен колхозшылардың мүдделеріне толық сай келеді, өйткені ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларын ойдағыдай өркендетуге, барлық малды жемшөпнен қамтамасыз етуге, колхоздардың экономикасын шұғыл көтеруге, колхозшылардың заттай және ақшалай табысын арттыруға мүмкіндік береді. Міне, сондықтан да үстемізіндегі жылдың көктемінде колхоздар, МТС-тер мен совхоздар тың және тыңайған жерлерде дәнді дақылдар егу жоспарын артығымен орындады, 1955 жылдың егісіне тың және тыңайған жерлерді көтеру жөнінде белгіленген тапсырманы артығымен орындауда.

1954 жылы жаңа жерлерді игерудің тәжірибесін, тың және тыңайған жерлерді өңдеуге қосымша қамту есебінен елімізде астық өндірісін оған әрі арттыруға нақты мүмкіндіктер бар екенін еске ала отырып, СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі колхозшыларды, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлерін, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарын 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді көтеру жөнінде белгіленген тапсырманы едәуір асыра орындауға, сөйтіп 1955 жылы жоспар бойынша белгіленген 13 миллион гектардың орнына бұл жерлерде жыртылған пар және зябыке кемінде 15 миллион гектар көлемінде дәнді және басқа ауылшаруашылық дақылдарын егуді қамтамасыз етуге шақырады.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі еліміздің шығыстағы

тыңайған жерлерді игеруге келген жұмысшылар мен мамандарға қажетті тұрғын үй және материалдық-тұрамы жағдайларын жасау ісіне айырықша көңіл бөлу, бұл істе болып отырған елеулі кемшіліктерді жою жөнінде, бұл үшін МТС-терде, колхоздарда, совхоздарда тұрғын үйлер және мәдени-тұрамы үйлерін салу кезінен ұйымдастырылсын, бұған қоса МТС, совхоз қызметкерлерін жеке үйлер салуға мейлінше ынталандыру шаралары жүргізілсін.

ССРО Сауда министрлігі, Орталық тұтынушылар одағы және олардың жергілікті органдары тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда сауда ұйымдарының жұмысын жақсарту үшін тиісті шаралар қолданатын болсын, бұл аудандардың, МТС, совхоз қызметкерлерін азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен үнемі қамтамасыз етіп тұратын болсын, олар үшін жеткілікті түрде асхана, шайхана, дүкендер, магазиндер, тігін және жөндеу мастерскойларын ұйымдастыратын болсын.

ССРО Денсаулық сақтау министрлігі, ССРО Мәдениет министрлігі және Байланыс министрлігі жаңа жерлер игерілетін аудандарда жеткілікті мөлшерде аурухана-лар, емханалар, медициналық пункттер, кітапханалар, радио және киноқойдырғылар, байланыс бөлімшелерін құратын болсын.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі тың және тыңайған жерлерді игеретін МТС-тер мен совхоздарды механизаторлармен, инженер-техник, агроном және басшы кадрлармен нығайту ісіне ерекше маңыз береді, қажет болғанда он-лаған мың маман жұмысшылар, агрономдар, инженерлер және техниктер, әсіресе біздің совет жастары, бийылғы жылғы көктемдегі сыяқты, тың және тыңайған жерлерді игеруге өз еріктерімен бару жөніндегі шақыруға қызу үн қосады деп берік сенім білдіреді.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарын, барлық колхозшыларды, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлерін, өнеркәсіп пен транспорттың жұмысшыларын тың және тыңайған жерлерді қосымша игеру жөніндегі алға қойылған бүкілхалықтық міндетті неғұрлым тез орындау үшін, ауыл шаруашылығын тракторлармен, ауылшаруашылық машиналармен, запас бөлшектермен, жанармаймен, жабдықтармен, және өнеркәсіптің басқа да бұйымдарымен үнемі жабдықтап тұру үшін, бұл машиналар мен материалдарды жаңа жерлер игерілетін аудандарға мезгілімен жеткізу үшін социалистік жарысты кең ерістетуге шақырады.

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСİNДЕ

Мал өсірушілердің кездесуі

Көрме жұмысының оналтыншы күні ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлылары мен ғалымдар экскурсанттар мен кездесті. Әкімшілік корпусының конференц-залына еліміздің жері қара топырақ емес аудандарының жүздеген егіншілері, агрономдары, механизаторлары жыйналды. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Н. Абдонин оларға жері қара топырақ емес аймақта жер құнарлығын және егін өнімін арттырудың әдістері туралы айтты.

Воронеж, Тамбов, Ленинград, Днепродзержинск және басқа облыстардың 500-ден аса мал өсірушілері «Манеж» лекциялық залда Вологдалық колхозшы Социалистік Еңбек Ері А. Люсковамен кездесті.

Мал фермасының меңгерушісі Вологда облысының «Вуденовец» колхозында мал

өсіру жөніндегі өзінің 23 жылғы тәжірибесін ортаға салды. Бұл жылдар ішінде ол және оның жолдастары 11,5 мыңнан аса шошқа өсірді.

—Біздің жұмысымызда көп қиыншылықтар кездесті, — дейді Люскова жолдас. —Біз өзіміздің жұмысымызды ескі, малдар үшін қолайсыз орындарда бас-тадық. Онда біз әрбір мезгілнен жыл сайын тонналаған төл алу үшін күрестік. Біздің тәжірибеміздің тұңғыш рет 1935 жылы жолы болды —тонналық төлді бір жыл ішінде емес, сегіз ай ішінде алдық. Осыдан бері шошқа өнімін біз жылдан-жылға арттырып келеміз. 1940 жылы әрбір мезгілнен 4,5 тонна төл алдық. Бұл сол кезде дүниежүзілік рекорд деп танылды. Біз ігері бастық және әрбір мезгілнен кемінде 100 асыл тұқымды тойрай алуды ұйғардық. Біздің қандай та-

бысқа қолдарымыз жеткендігі туралы, — цифрлар баяндайды.—15 ай ішінде әрбір мезгілнен 170 төл алынды, олардың жалпы салмағы 5 тоннадан асады.

Қызу әңгіме басталды. Колхозшылар көптеген сұрақтар қойды, оларға Люскова жолдас дәйекті жауап берді.

Кездесу кезінде таңдаулы шошқа өсіруші өзі өсірген түліктерді көрсетті.

Өзбек ССР-нің навильонында Тәжікстан және Өзбекстан мақташылары кездесті. Тәжік ССР-і Ленин атындағы колхоздан Социалистік Еңбек Ері Давлат Файзалиев осы республикадан «Москва» колхозының председатели колхозшы Башайрадхан Ахмедова және басқалары өз республикаларында мақтадан мол өнім алу жолындағы тәжірибелерін ортаға салды. Мақта өсірушілер көрмедегі басқа республикалардың табыстарымен бірге жүріп, танысуды, со-

дан кейін қайта жыйналып, тәжірибені қорытындылауды ұйғарды.

Жүздеген экскурсанттар көптеген ауылшаруашылық дақылдарынан, жеміс бау-бақшаларынан мол өнім өсіп тұрған экспонаттық учаскелерде, мал және құс фермаларында болды. Кешке қарай көрмеге қатысушылар және экскурсанттар үшін концерттер, киносеанстар ұйымдастырылды.

Екі апта ішінде көрмені 1 миллиондай адам көрді, мұның ішінде 50 мыңнан аса адам экскурсанттар мен көрмеге қатысушылар. Олар үшін лекторийлерде, навильондарда және экспонаттық учаскелерде ғалымдар мен ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлы адамдарының 56 лекциясы мен әңгімелері ұйымдастырылды.

(СОТА).

Партия және совет баспасөзі туралы документтердің жыйнағы

«Правданың» баспасы партия және совет баспасөзі туралы документтердің жыйнағын басып шығарды. Жыйнақ «Совет Одағы Коммунистік партиясына елу жыл» (1903—1953) тезисімен ашылады. Жыйнаққа Совет Одағы Коммунистік

партиясының съездері мен конференцияларының баспасөз мәселелері жөніндегі қарарлары, маңызды қаулылары, нұсқаулары, Орталық Комитеттің хаттары, Совет Үкметі декреттері мен қаулылары,

сол сыяқты партиямыздың Орталық органының партия баспасөзінің міндеттері жөніндегі кейбір редакциялық мақалалары енген. Жыйнаққа партия съездерінде қабылданған және баспасөздің бүтіндей

тарихи кезеңдегі жұмысының сипатын беретін программалық документтер енгізілген.

Жыйнақтың тиражы —жүз мың дана. (СОТА).

дың қуатын сарқа пайдалану дұрыс ұйымдастырылса, онда МТС қамтуындағы 4 колхозда бітік өсірілген егінді ең қысқа мерзім ішінде, ысыралсыз жыйнап алуға болады.

Бірақ, амал не, МТС басшылары (директоры Макаров, бағ инженері Смирнов жолдастар) қолда бар комбайндарды егін жыйнауға толық пайдалануды қамтамасыз етпей отыр. МТС қамтуындағы колхоздарда егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының басталғанына едәуір уақыт өтті. Осыған қарамастан 9 комбайн толық жөндемеуі себепті МТС мастерскойының жанында әлі күнге тұр. Ол-олма, егін жыйнау үшін колхоздарға жіберілген комбайндардың біразы жұмысқа өнімді пайдаланылмай келеді. Мәселен, сабан шөмелегіштің жоқтығынан «Новый быт» колхозында жұмыс істейтін 5 комбайнның біреуі жұмысқа қосылмаған. Мұндай жұмысқа қосылмай тұрған комбайндар МТС қамтуындағы «Қазақстанның 30 жылдығы», «Красное поле» колхоздарында да кездеседі.

Сол сыяқты «Красное поле» колхозында егін жыйнап жүрген комбайндардың қуаты жұмысқа өнімсіз пайдаланылып отыр. Мұның басты себебі МТС пен колхоз басшыларының комбайн агрегатынан астық алатын жүк машиналарын дұрыс пайдаланбауында, комбайннан астық алатын машиналардың шоферлары көбінесе ешкімнің рұқсатынсыз өз бетімен кетіп қалады. Осының салдарынан комбайнның тоқтап қалуы жиі кездеседі. Кей жағдайларда МТС басшылары шоферларға уақытылы жолдама жазып беруді ұйымдастырмайды. Бұл МТС-те шоферлардың қайсысы қай колхоздағы комбайн агрегаттарын қамту керектігін күнібұрын белгілеп отырмау әдетке айналған. МТС басшыларының еңбек тәртібін бетімен жіберуінің салдарынан мұндағы 26 жүк автомашиналарының көпшілігі егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына қатыстырылмай келеді. Оның үстіне олар жүк машиналарын астық тасуға бейімдеп жөндеуді ұйымдастырмаған.

ЕГІН ОРАҒЫ ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының (Октябрь ауданы) жаппай егін жыйнау ісіне кіріскеніне көп уақыт болған жоқ. Колхозшылар мен МТС механизаторларының еңбекті өнімді істеуі арқасында егін орағы ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Егін жыйнауға жүрген Торангүл МТС-нің комбайншысы Шурипов «Сталинец-6» комбайнымен 5 жұмыс күні ішінде 84 гектар жердің егінін орып, 740 центнер астық, ал, комбайншы Королев жолдас жаздық бидайға түскен үш күнінде 70 гектар жердің егінін жыйнап, 500 центнер астық бастырды. Кәзір колхозда 300 гектардан астам егін жыйналды. Мұның өзі жұмыстың басқа учаскелерін жандандыра түсуді керек етеді. Колхоз басқармасы көп салалы шұғыл жұмыстарды бір-бірімен ұштастыра жүргізуді жақсы ойластырған.

Қырманға түскен астықты мезгілінде тазалап, кештіруді қамтамасыз ету мақсатымен колхоз басқармасы астық тазар-

колхоздың бірде-бірінде жабық қырманнар толық дайындалмаған. Сондықтан комбайнмен бастырылған астық тек бетінің қыртысы ғана аршылған ашық далаға ұйылады. Кәзір колхоздардың қырманнада 4 мың центнерден астам астық жатыр. Бірақ, бірде-бір колхоздың басшылары осы астықтарды тазарту, кештіру жұмыстарын ұйымдастырмай келеді. Бұл жағдайды «Новый быт», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының председателдері Ченченко, Ахметов жолдастар шімірлікестен «астық тазартатын машиналарды әлі жөндеп бола алмай жатырмыз» деп түсініреді. Шынығыда да колхоздарда астық тазартатын машиналарды жөндеу жұмысы өте-өте нашар ұйымдастырылған. Мұны дәлелдеу үшін 4 колхоздағы 13 вейжалардың небары төртеуі ғана жөндегенін айтудың өзі жеткілікті. Соның өзінде, бұл вейжалар астық елейтін электрдің жеткіліксіздігінен жұмысқа қосылмай тұр. МТС те төрт «ВИМ», үш астық тазартуға бейімделген молотилка, үш астық пульті бар. Бірақ бұларды жүргізетін дизелдер жөнделмеген. Ал, МТС басшылары астық тазартатын машиналардың дизелдерін тез жөндегіп, оларды колхоздарға жіберу жөнінде ешқандай шараларды қолданбай отыр. Бастырылған астықтардың кезінде тазартылып, кештірілмеуінен МТС қамтуындағы колхоздар мемлекетке астық тапсыруға шын мәнінде әлі қатысқан да жоқ.

Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстары ұзаққа созуды көтермейді. Сондықтан қолда бар күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, егін жыйнауды, мемлекетке астық тапсыруды өрі тез, әрі үлгілі өткізуді ұйымдастыру бүгін таңдағы басты міндет. Сартомар МТС-і мен оның қамтуындағы колхоздардың басшылары және олардағы партия, комсомол ұйымдары егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына басшылық етуді осы міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастырулары керек.

М. БОЛАТОВ.

ту жұмысына таңдаулы колхозшыларды іріктеп алды. Бұл комбайннан түскен астықты іле тазартып, тез кештіруге және мемлекетке астық тапсыру графигін бұлжытпай орындауға мүмкіндік берді.

Астық тазартуда жүрген Ж. Ыбраева және М. Әбілова жолдастар басқа колхозшыларға үлгі көрсетуде. Олар күніне вейжамен 80 центнер астық тазарту орнына, үнемі 120-130 центнерден астық ақтап, нормаларын біржарым еседен асыра орындап жүр.

Осындай жұмыстың ұйымшыл және өнімді жүргізілуі арқылы колхоз кәзірдің өзінде мемлекетке 1150 центнер астық тапсырып, бұл жөніндегі жоспарды 50 проценттен асыра орындады. Бұл жұмыста Сталин облысынан көмекке келген 10 жүк автомашинасы өнімді пайдаланылуда. Қабылдау пунктіне астық тасуда шоферлар Якименко, Сидя жолдастар озат көрсеткішке ие болып келеді.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Ауыл-селоларды көркейте берейік

Бұдан екі айдай бұрын Петропавл ауданы, Новопаолов селолық Советінің депутаттары мен активтері елді пункттерді көркейту туралы облысымыздың ауылдық-селолық және поселкелік Советтерінің депутаттары мен активтеріне үндеу қабылдады. Новопаоловтықтардың мұндай бағалы бастамасы ауылдық-селолық Советтердің депутаттары мен активтері тарапынан қызу қолдау тапты.

Бұл үндеу ауылдық-селолық және аудандық Советтердің сессияларында талқыланды. Мұнда ауылдық-селолық Советтердің депутаттары мен активтері өздерінің күш-мүмкіншіліктерін жан-жақты есептеп, ауыл-селонды көркейту, ол үшін социалистік жарысты кеңінен өрістету туралы көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Бұл міндеттемелерді жүзеге асырудың нақтылы шараларын белгіледі.

Соколов, Преснов, Мамлют және Ленин аудандарында новопаоловтықтардың бастамасы тек ауылдық-селолық Советтердің сессияларында ғана емес, мұнымен бірге, колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметкерлердің жыйналыстарында да талқыланды. Онда колхозшылар, жұмысшылар мен қызметкерлер өздерінің тұрғын селоларын көркейтуге бағытталған міндеттемелер қабылдап, оларды жүзеге асыруға ұйымшылдықпен кірісті.

Соколов аудандық Советінің бесінші сессиясында аудандық Совет атқомінің председатели П. Звягин жолдас елді пункттерді көркейту жөнінде баяндама жасады. Бұдан кейін депутаттар мен активтер пысығып сөйлеп, новопаоловтықтардың бағалы бастамасын қызу қолдады. Ауданның селолары мен поселкаларын көркейту жөнінде бірқатар шаралар белгіленіп, олар сессияда бірауыздан қабылданды.

Бұл күндері аудан еңбекшілері осы шараларды жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Аудандық, селолық Советтердің басшылығымен, олардың депутаттары мен активтерінің белсене қатысуымен басталған бұл жұмыстар өзінің нәтижесін бере бастады.

Красноярка селосында жаңадан жеті жылдық мектеп үйі салынды. Аудандық емхана құрылысы, байланыс мекемесінің үйін күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары аяқталып келеді. Аудан еңбекшілерінің инициативасы бойынша аудан орталығы — Соколовка селосынан 150 орындық мәдениет үйін салудың құрылысы басталды. Бұдан басқа, тек Соколовка селосының өзінде ғана колхозшылар мен жұмысшылар және қызметкерлер үшін 25 тұрғын үй салынып, 43 үй жөндеуден өтті. Колхоздардың орталық усадьбаларында 15 қоғамдық мәнша салу, Барнаевка селосының радиоландыру, қоғамдық мал үшін стандартты мал қораларын салу жұмыстары да қызу жүргізілуде.

Преснов ауданындағы Приешім селолық Советінің (председатели Пугач жолдас) депутаттары мен активтері новопаоловтықтардың бастамасын селолық Советтің сессиясында талқылап, оған жауап ретінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Көзір совхоз жұмысшылары социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, осы алған міндеттемелерін орындау жолында еселеген қарқынмен еңбек етуде.

Приешім совхозының орталық усадьбасындағы жөндеу-трактор мастерскойының құрылысы бітуде жуық. Енді аз күннен кейін электр станция, совхоз жұмысшылары мен қызметкерлері үшін жалақхана, 23 тұрғын үй, трактор мен автомашиналар тұратын гараждар және басқа құрылыстар пайдалануға беріледі. Совхоз жұмысшылары мемлекеттен қарыз алып, өздеріне көптеген тұрғын үйлер салуда. Орталық усадьбадағы үйлердің жанына бақша ағаштары отырғызылған.

Совхоз орталығын көркейтуге, алынған социалистік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге селолық Советтің депутаттары мен активтері белсене араласды. Әсересе, Қурманбаев жолдас басқаратын селолық Советтің тұрақты комиссиясы өз жұмысында айтарлықтай табыстарға жетісіп келеді. Комиссия депутаттар мен активтерді елді пункттерді көркейту ісіне жұмылдырумен шұғылданады.

Тұрақты комиссия арнаулы жоспар бойынша жұмыс істейді. Бұл жоспар комиссияның мәжілісінде қаралып, бекітіледі. Тұрақты комиссия және оның мүшелері жаңа құрылыс салу жұмыстарының барысын, коммуналдық мекемелердің жұмысын үнемі бақылауға алып, оларға жұмыс үстінде практикалық көмек көрсетіп отырады. Ал, комиссиясының жұмысы селолық Советтің сессиясында қаралып тұрады.

Сол сияқты, Совет ауданының Аманкелді атындағы, Сенюков, Кучковск, Кониюхов ауданының Камышловск, Карақоға селолық Советтері және Мамлют ауданының бірқатар селолық Советтері елді пункттерді көркейту жөнінде бірқатар жұмыстар істеді. Аталған селолық Советтерде құрылыс жұмыстары қызу жүргізіліп, олардың көпшілігі пайдалануға берілді. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруда селолық Советтердің депутаттары, активтері көрнекті роль атқарды.

Алайда, барлық жерде бірдей істің жайы бұлай болмай отыр. Облысымыздың бірқатар аудандық және ауылдық-селолық Советтерінің сессияларында новопаоловтықтардың бастамасы формальді түрде талқыланды. Онда қабылданған қаулыларды жүзеге асыру тиісті дәрежеге ұйымдастырылмады. Бұлардың қатарына

Приешім, Булаев аудандық Советтерін және осы аудандардың бірқатар ауылдық-селолық Советтерін жатқызуға болады.

Приешім аудандық Советі, оның председатели В. Сәрсенбаев жолдас новопаоловтықтардың бастамасын қолдап, оны жүзеге асыру жөнінде ешқандай инициатива көрсетпеді. Тіпті үндеу аудандық Советтің сессиясында, не мәжілісінде талқыланып, аудан орталығы — Богалобово селосын және ауданның басқа ауыл-селоларын көркейту жөнінде ешқандай нақтылы шаралар белгіленген жоқ. Сәрсенбаев жолдас ауыл-селоларды көркейту жөніндегі тұрақты комиссиялардың, коммуналдық шаруашылықтардың жұмысына көмектеспей, тек ауылдық-селолық Советтерге: «осы үндеуді талқылаңдар» деген нұсқаулар жіберумен барлық істі тындырды. Міне, дәл осындай себептермен, новопаоловтықтардың үндеуі Ново-Никольск, Вознесенск, Калиновск және басқа ауылдық-селолық Советтердің сессияларында талқыланбады. Ауыл-селоларды көркейтуге көңіл бөлмей, мұндай маңызды істі жалаң нұсқаулар берумен тындыру сияқты төзгісіз жағдай аудандық Совет атқомінің председатели Сәрсенбаев жолдасы ешбір қыжылтар емес.

Бұл кемшіліктер ауыл-селоны көркейту жөніндегі социалистік жарыстың өрістеуіне, оған аудан басшылары тарапынан ешқандай бақылаудың болмауына, «н ақырында кейбір белгіленген шараларды уақыттылы жүзеге асырылмауына әкеп соқты. Мұндай жағдайға бұдан әрі тіпті төзуге болмайды.

Ауыл-селоны көркейту жұмыстарын үлгілі ұйымдастырып, социалистік жарысты кеңінен өрістету үшін ұйымдастыру-бақараның жұмыстарының дәрежесін мейлінше жақсарту керек. Бұл іске ауылдық-селолық Советтердің депутаттары мен активтерін белсене қатыстырып, олардың ұйымдастырушылық ролін күшейту қажет.

Ауыл-селоны көркейту жұмыстарын жүзеге асыруда тұрақты комиссиялар үлкен роль атқарады. Сондықтан ауылдық-селолық Советтер өздерінің жұмысында тұрақты комиссияларға сүйеніп, олардың еңбекшілер бұқарасымен байланысын нығайтып отыруға тиіс. Ауылдық-селолық Советтер тұрақты комиссияларды шаруашылық және мәдени-құрылыс жұмыстарына дұрыс пайдалана білген уақытта ғана, ауыл-селоларды көркейту жұмыстарын ойдағыдай жүзеге асырып, еңбекшілеріміздің бұдан да мәдениетті тұруын қамтамасыз етуге болады.

В. КОРОТКЕВИЧ,

Облыстық Совет атқомінің ұйымдастыру-нұсқаушылар тобының меңгерушісі.

Халық қажетін тыңғылықты өтеу — аса маңызды міндет



Облыстың МТС-тері трактор және егіс бригадалары үшін Петропавл шойын құю-таразы зауытынан жылжымалы кұхнялар алуда. СУРЕТТЕ: Интернационал МТС-нің өкілі **В. Мельников** (сол жақта) жылжымалы кұхняны алғандығы жөнінде документке қол қойып тұр. Оң жақта техникалық бақылау инженері **Л. Бочковский**. Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Халық тұтынатын товарлар көп және сапалы өндірілсін

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еңбекшілерді өнеркәсіп және азық-түлік товарларына деген керегін қамтамасыз ету ісіне баса назар аударуда. Халық тұтынатын товарлар шығару мөлшері күннен-күнге молайып, қала мен ауыл-село еңбекшілерінің тұрмыс дәрежесі жақсара түсуде.

Шойын құю-таразы зауытының коллективі халық тұтынатын товарларды өндіру, әсересе, кровать, балалар шанаасы, ыдыс-аяқтар шығару жөнінде бірталай жұмыстар істеді. Жаңа жерлерді игеруші совхоздардың механизматорлары үшін дала кұхняларын шығару ісін игерді. Өткен жылмен салыстырғанда үстіміздегі жылы бұл өнімдерді шығару жаппай 33,5 процент артқан. Завод коллективі алюминийен жасалған ыдыстарды шығару ісін меңгеріп, өнім сапасы жақсартта түсті. Завод жұмысшыларының жартысына жуығы өндірістік тапсырманы 2 және 2,5 еседен асыра орындап жүр. Слесарь Нерфильев, жонұшы Кузнецов жолдасар еңбек өнімділігін арттыруды 300 процентке дейін жеткізді.

Заводқа жаңа жабдықтар келіп, жаңадан құю цехы салынуда, өндіріс алаңы кеңіп, завод еңбек қарқынын бұрынғыдан да үдетіп отыр. Осы жағдайлардың барлығы завод коллективіне халық тұтынатын товарлар шығару мөлшерін кө-

птеу көптеген тігулі киімдер берілмей қалды. Өткен жылмен салыстырғанда үстіміздегі жылы фабрика шығарған тігулі киімдердің мөлшері 22 процент нашарлап кетті, еңбек өнімділігі 25 процент кеміп, өнімнің сапасына фабриканың мемлекеттің жоспарды орындамай отырған себебі фабрикадағы жұмысшылар арасында саяси-тәрбие жұмысы нашар ұйымдастырылған. Жұмысқа алынып, одан кейін өндірісте көп тұрақтамай қайтадан шығып кететін адамдар саны тым көбейіп кетті. Озат өлістерге үйрететін техникалық минимум үйірмесі мен мектеп әлі күнге дейін ұйымдастырылған емес. Жұмысшылардың көпшілігіне үнемі бір ғана операцияның тапсырылуы салдарынан екінші түрлі істерді орындай алмайтын шеберлер те бар.

Облыстық кәсіпшілік советінің жүйесіндегі артельдер жалпы өнім шығару жоспарын орындаған болып отыр. Бірақ, мұның бір келеңкелі жағы тағы бар. Бірталай кәсіпшілік артельдері өздері орындауға оңай, ал, тұтынушылардың тілегін қанағаттандыра алмайтын товарлар шығарумен өзүстеніп жүр.

Сталин атындағы кәсіпшілік артелі біздің облысымызда шығарылатын аяқ-киімдердің 80 процентін өндіреді. Артель жалпы өнім шығару жөніндегі өндірістік жоспарды 109,6 процент орындады. Бұл

Зайцев басқарған цехта

Машинист болу мақсатымен Зайцев өндірістен қол үзбей оқып, үш жылдың ішінде машинистер даярлайтын күреты бітіріп, машинист болуға право алды. Сол жылдан бастап үш жыл бойына машинист болып, паровоз жүргізді.

Еңбекте өндірістік жаңа табыстарға жеткені үшін Зайцев жолдас теміржолшылардың құрметті значегімен және 1951 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградалды. Көзір ол Петропавл паровоз депосының бірінкен автоматты және сұтартқыш насостар цехының бастығы болып істейді.

Өз ісімен шұғылданған слесарьлар темірді ағашша жонып, автоматты тормоз бен су тартқыш насостың бөлшектерін жасауда. Бұлар Зайцев жолдас басқаратын бірінкен цехтың жұмысшылары. Олар алты цехтың ішіндегі төртінші топтың таңдаулылары. Цех коллективі өткен июль айының өндірістік жоспарын басқа цехтардың асыра орындап, озып шықты. Цехтар өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Автоматты цехтың коллективі айлық жоспарды 198 процент, ал, су тартқыш насостар цехы 272 процент орындады. Сөйтіп, олар автоматты цехтан озып шықты.

Өндірістік жоспардың орындалуы күн сайын жақсарып келеді. Су тартқыш насостар цехының коллективі жоспардан тыс үш жүк паровозына жаңадан «компаунд» насостарын орнатып, 7 жүк паровозына насос орнатуға міндеттеніп отыр. Бұл насос «тандем» насосына қарағанда, жаңа типті, пайдалануға берік, әрі ықпалды.

Әсересе, слесарь А. Рязанов пен П. Панкеевич жолдасар сменалық жоспарды асыра орындаудың үлгісін көрсетті. Соның нәтижесінде олар айлық өндіріс жоспарын 286 процент орындады. Ал, слесарь Н. М. Смирнов жолдас өз жоспарын 373 проценттен асыра орындап, Смирнов су тартқыш насостың бұл бөлігін механизмдерін дайындады.

Ал, автоматты цех паровоздардың тормоз системасын және оған запас бөлшектер жасап шығарады. Бұл жұмыстың аса жауапты уақыткесі. Егер поездарда тормоз жүйесі жұмыс істемесе, поездың қауіпсіздендірілуі болмайды. Онда паровоздың сапарға шығуына рұқсат етілмейді деген сөз. Сондықтан да бұл бөлігінтердің головкасын жасау жауапты іс болып табылады. Әсересе, қолға ұстауға әзер ілігітін — золотникті істеу өте қыйын. Бұл бұл бөлігін головканың негізі. Бұл істі орындау 45 жыл слесарь болып істейтін И. В. Пунтаков жолдасқа тапсырылған.

Жастар оның бай тәжірибесін үйреніп, өндіріске кеңінен пайдалануда. Бұл сияқты озаттар цехта көп. Мәселен, слесарь

Құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде

Кониюхов ауданының Камышловск және Соколов селолық Советтерінің депутаттары

тішке келтірілді. Колхозшылардың үйлері жанынан ағаш отырғызылды.

веттің қамтуындағы басқа колхоздарда да колхозшылармен, селолық интеллигенция

нововолов селолық Советінің депутаттары мен активтерінің 1954 жылы елді пункттерді көркейту жөніндегі үндеуін еңбек өрлеуі үстінде қарсы алған болатын. Нововоловтықтардың бағалы бастамасы селолық Советтердің сессияларында, сондай-ақ, колхозшылардың көпшілік жыйналыстарында талқыланды. Мұнда депутаттар, активтер мен колхозшылар өздерінің селоларын көркейту, жаңа құрылыстар салу жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, оны ұйымшылдықпен жүзеге асыруға қызу қарқынмен кірісті.

Қабылданған міндеттеме бойынша Камышово селосында жаңадан жетіжылдық мектеп үйін салу, колхоз клубын күрделі жөндеуден өткізу ұйғарылған болатын. Көзір жетіжылдық мектеп үйінің құрылысы жұмыстары аяқталып келеді, колхоз клубы күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Село көшелері тазартылып, тәр-

тарту мекемелері, мектептер мен дәрігерлік пунктке қажетті отын әзірленіп, ол үй маңына тасылды. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруға селолық Советтің депутаттары В. Бондаренко, Л. Труфанков, А. Локин жолдастар және басқалары белсене араласты. Олар құрылыс жұмыстарына тікелей араласып, жаңа құрылыстарда жұмыс істейтін адамдар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістету арқылы оларды жаңа еңбек табыстарына жұмылдырды.

Сол сияқты, Кониюхов селолық Советінің депутаттары мен активтері де еңбекшілермен бірлесе отырып, құрылыс жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. Осы Советтің қамтуындағы «Пятилетка» колхозында балалар үйінің құрылысы салынып бітті. Мұнымен бірге, колхоздың жүк машиналары тұратын гаражы да жақында пайдалануға берілді. Селолық Со-

веті күрделі жөндеуден өтті.

Дегенмен, екі селолық Советтің жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Селолық Советтің тұрақты комиссиялары әлі де болса, шындап жұмысқа кіріспей отыр. Олар өздерінің жұмысын жоспарласа да, оны жүзеге асыруды ұйымдастыруға айтарлықтай көңіл бөлмей келеді. Міне, осы себепті, жоспарланған бірқатар құрылыстар деркезінде аяқталмай, ұзаққа созылуда.

Селолық Совет, оның тұрақты комиссиялары жұмыстары кемшіліктерді іс үстінде түзеп, бұқарамен байланысты нығайта береді. Сөйтіп, нововоловтықтардың бастамасына жауап ретінде алған міндеттемелерін жүзеге асыру күресіне еңбекшілер бұқарасын кеңінен жұмылдырып, оны абыроймен орындап шығады.

С. ҚУАТБЕКОВ.

Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінде

Қыйыр Шығыс павильонында

Қыйыр Шығыс павильонының үйіне шекараның скульптуралық ескерткіші тұр. Совет жауынгері қолымен винтовканы қатты қысып тұр. Оның бет әлпеті қатал, көздарасы қырағы. Қорғанды еске түсіретін павильонның монументі мен архитектурасы сарқылмас табиғат байлығының өлкесі. Қыйыр Шығыстың іс батпас қуатын бейнелейді.

Павильонның 7 залында 62 стэнд әсем безендірілген. Стенділердің мазмұнын 21 көркем паннолар, 3 диаграммалар және 2 мыңға жуық түрлі заттай экспонаттар толықтырып тұр.

Павильонның директоры Г. А. Севастьянов СОТА-ның тілшісімен әңгімелескенде мынаны айтты:

—Павильонды көру Примор және Хабаров өлкелеріне арналған залдан басталады. Алдығы жақта Сталиндік сыйлықтың лауреаты Г. Г. Нийскийдің басшылығындағы бір топ суретшілер жасаған үлкен панно. Көрмеге келушілер Қыйыр Шығыстың көріністерін: бай өсімдікті төбешіктерді, олардың етегін ала салынған орман арасындағы тау-кен көсінуордарының үйлерін, мол сулы Амурды көреді. Көгілдір мұхит беті көрініп жатыр, онда пароходтар мен балық аулайтын кемелер жүзіп жүр. Жағалауда балық-консерв заводтары, балық аулау-мотор станциялары, төбешіктер, құнарлы егін жайлы, колхоз құрылысы бар жазықтыққа айналады. Айналаға көз жегпейді. Қыйыр Шығыстың территориясына бірқатар батысевропалық мемлекеттер еркін-ақ сыйып кетер еді. Табиғат байлығы да сарқылмастай. Жері аса бағалы және пайдалы кендерге толы, таулық өзендері-энергияның қайнар көзі және көпшілі балықтар үшін жайлы орын. Теңіздер мен мұхиттар —балық, аң аулау, халық шаруашылығының түрлі қажеттері үшін шықсат табу үшін қуатты база.

Павильонның бірінші залы әсем безендірілген. Экспозициялар Қыйыр Шығыстың белгілі бір облысының өлкесі мен

автономиялы республикасының шаруашылығының басты саласына көңіл аударарлықтай және олардың экономикасын бейнелейтіндей болып жасалған.

Мәселен, Примор өлкесі техникалық дақылдар өсірумен әйгілі. Соның өнімі және егіс көлемі жөнінде өлке Қыйыр Шығыста бірінші орынға ие. Мұнда бұл тамаша дақылға шын мәнінде дұрыс баға берілген: дүние жүзінде бірде-бір өсімдік соядай 100 жүн ішінде соишалық май және белок жыйнап алмайды, бірде-бір өсімдік өзінен өндірілетін азық-түлік жөнінде соямен теңеу тең түсе алмайды. Мемлекетке тапсырылған бір центнер сояның екі центнер бидайға бағаланыпты да осыдан.

Чкалов ауданының Ленин атындағы колхозының стендіне сырттан қарағанда бұрысқа ұқсайтын соя дәні салынған қаптар қойылған. Колхоз 1198 гектар алаңның әрбір гектарынан орта есеппен алғанда 11,2 центнерден (көрмелік көрсеткіш 10 центнер), ал жекелеген бригадалар әрбір гектардан 20 дан 36 центнерге дейін соя жыйнады. Колхозда ең озат кен қатарлап өсеу әдісі қолданылып жүр. 1953 жылы колхоз табысы 2.652.802 сом болса, мұның ішінен 87 мың 625 сом табыс соядан алынды.

Бұған қатар Қыйыр Шығыстың күрші тәжірибе станциясының стенді. Станция агротехниканың жаңа әдісін тапты және өндіріске енгізді. Осының нәтижесінде соңғы 12 жыл бойына мұнда әрбір гектардан алынатын күріштің орта өнімі жыл сайын 43,5 центнерден болып жүр. Станция күріштің 5 жаңа сортын өсірді.

Басқа стендалардан тек Қыйыр Шығыста ғана емес, тіпті бүкіл еліміздегі таңдаулы Евгенийевск машина-трактор станциясының тәжірибесін зерттеуге, Хорольск ауданының Сталин атындағы колхозының, Калинин ауданындағы овощ шаруашылығы мен айналысатын «Червона Украина» колхозының табыстарымен танысуға, Ольгинск балық аулау-мо-

тор станциясы мен «Моряк-рыболов» балықшылар колхозының және басқа да бірқатар үздік шаруашылықтардың тәжірибелерін үйренуге болады.

Залдың бүкіл оң жағы Хабаров өлкесіне бөлінген. Мұнда ауыл шаруашылығының ерекшелігі сол, онда өнеркәсіп орталықтарының төңірегінде овощ-картоп базасы жасалып отыр. Қала халқына көп сүт, овощ және картоп беретін, сөйтіп, мол табыс табатын «Дальневосточный колхозник» колхозынан көп нәрсе үйренуге болады. Хабаров ауданының Сталин атындағы колхозының, Биробиджан МТС-ін және «Пятилетка» балықшылар колхозын көрмеде көрсету өте орынды.

Залда Тамбов ауданындағы көп салалы Сталин атындағы колхоз кеңінен көрсетіледі. Ол 1953 жылы 895 гектар алаңның әрбір гектарынан 18,7 центнерден жазғы бидай жыйнады. Колхоз табысы молаюда. Ол 1940 жылы 742 мың сом болса, өткен жылы —2 миллион 405 мың сомға жетті. Табыстың негізгі бөлегі—1 миллион 386 мың сом өсімдік шаруашылығынан алынды. Бір қызықты сурет бар: жүк машинасына қаптар тау-төбе болып үйілген. Бұл колхозшы Н. Т. Жуличтің үй ішінің өткен жылы еңбек күндеріне алған 37 центнер бидайы.

Амур мемлекеттік селекциялық станцияның жұмысын көрсетуге арнаулы стэнд бөлінген. Оның ғылыми қызметкерлері түрлі ауыл шаруашылық дақылдарының мол өнім беретін 13 сортын шығарды. Станция астықты кештіру және тазарту жұмыстарын механизациялау ісіне зор үлес қосты, мұның Қыйыр Шығыстың ығылау басым аймақтары жағдайында аса зор маңызы бар. Иванов ауданындағы «Победим» колхозының стендінде 388 гектар алаңның әрбір гектарынан 24,4 центнерден жазғы бидай жыйнаған П. Я. Бойконың егіс бригадасының үздік тәжірибелері көрсетіледі. Бұл бригада В. П. Костырконың трактор бригадасымен бірлесе отырып, өткен жылы тың жер

өсіруге мүмкіншілік жасайды.

Сол сияқты, темекі фабрикасы, «Главмука» кәсіпорындары, Киров атындағы кәсіпшілік артелі және басқа кәсіпорындары өнім шығарудың тапсырмасын асыра орындауда. «Пищевик» кәсіпшілік артелі жаңадан макарон цехын салып бітіріп, макарон және вермишель өнімдерін бере бастады. Нан комбинатында жаңадан бір цех салынып, ол пайдалануға берілді.

Алайда, халық тұтынатын товарлар шығару ісінде әлі де болса елеулі кемшіліктердің бар екендігін жасыруға болмайды. «Комсомолка» тігін фабрикасының басшылары халық көп тұтынатын товарларды шығару ісіне жете мән бермей өздерінің алған міндеттемелерін орындамады. Фабрика жеті айдың жалпы өнім шығару тапсырмасын 87-ақ процент орындады. Товарлар ассортиментінің жоспары орындамағандықтан, хл.

жарынан алғанда Сталин атындағы фабрика жұмыс жасап емес. Артель шығарған аяқкиімдердің ішінде үйдің ішінде киетін жеңіл аяқкиімдердің мөлшері 82 процент, ал, аяқкиімдердің қалған басқа түрлерін шығарудың мөлшері 18-ақ процент болып отыр. Ойын үстіне «Кожхимик» кәсіпшілік артелі де Сталин атындағы артельге сәйкес төмен былғары өнімдерін беріп келе жатқанын да айта кету керек.

Кәсіпшілік артельдерінің басшылары мен партия ұйымдары жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз етуге, өнім сапасын жақсартып, еңбекшілердің өскелең тілектеріне қанағаттандыра алатындай әдемі, ұқыпты сапалы товарлар шығаруды қамтамасыз етуге міндетті.

М. ГРЕЧКОСЕЕВ,

ҚКП қалалық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі.

игеру жоспарын 232 процент орындады және 134 гектар алаңның әрбір гектарынан 30 центнерден жазғы бидай жыйнады.

Чита облысының залы —павильондағы сәнді залдардың бірі. Оның төбесі мен стенділері көркемден жасалған ағаш оюлармен безендірілген.

Чита облысының мал шаруашылығы—ауыл шаруашылығының негізгі саласы. Соңғы үш жыл ішінде мұнда ірі қара мал саны 93 мың бәс болып артты, қой саны екі есе молайды. Шошқа саны үш еседей көбейді. Биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қойлар шығару жөнінде жұмыстар жүргізілді. Бұлар жөнінде стенділерде толық баяндалады. Көрмеге келуші мұнан Моготуйск ауданының Киров атындағы озат мал шаруашылықты колхоздан фотосуреттер көреді. Цифрлар бұл шаруашылықтың зор табыстарына сыйпаттайды. Колхозда 3.200 ірі қара мал, 21 мың қой, 1392 жылқы бар. Колхоз —миллионер. Өткен жылы тек мал шаруашылығынан ғана 1899 мың сом табыс алынған.

Ворошилов атындағы қой шаруашылықты колхоздың тәжірибесі өте қызықты. Паннода қой отары. Бұл қойлардың—алтай, грозный және пренок тұқымдае биязы жүнді қой тұқымдарымен жақсартылған жергілікті забайкал тұқымы. Малдың тұқымын асылдандыру жөніндегі жұмыстар тамаша нәтижелер берді. 1952—1953 жылдары 26.457 қойдың әрқайсысынан орта есеппен алғанда 4,6 килограмнан жоғары сапалы жүн алынды. Колхоз соңғы бес жыл ішінде 3.020 асыл тұқымды қойлар сатты.

Сахалин облысының залы. Мұнда көптеген заттай экспонаттар бар.

Совет өкметі жылдарында Сахалин облысында көмір, мұнай, ағаш, балық, қараз, өнеркәсіптің және басқа да түрлері құрылды. Қуатты техникамен қаруланған ауыл шаруашылығы ойдағыдай өркендеуде. 1913 жылмен салыстырғанда облыста егіс көлемі 11,4 есе өсті.

Зал экспозициясының негізгі мазмұны —Сахалин мен Куриль аралдарындағы қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының төңірегінде овощ-картоп базасын жасау. Стенділерде облыстың алдыңғы қатарлы

шаруашылықтарының табыстары көрсетілген. Невель ауданындағы «Красный Сахалинец» колхозы сыйырдан алынған мол сүт үшін, Анивск ауданындағы көп салалы Калинин атындағы колхоз қауыспадан алынған мол өнім үшін; Оңтүстік-Сахалин совхозы мал шаруашылығынан, овощ шаруашылығынан мол өнім алғаны үшін көрмеге қойылған.

Сахалин жері өзгеруде және жанаруда. Егіс көлемін ұлғайтуда, егіннен тұрақты және мол өнім алуда облыстың машина-трактор станцияларының зор үлесі бар. Механизаторлар батпақты жерлерді құрғатады, ағаш түбірлері мен бұталарды жояды. Стендіде —үздік Анивск МТС-і. Станция трактор жұмыстарының жоспарын 136 процент орындады. Машина-трактор станциясы қамқайтын колхоздардың ақшалай табыстары молаюда. Егер 1950 жылы әрбір гектар овощ пен картоптан алынған табыс 2.972 сомнан аспаса, онда 1953 жылы бұл мөлшер 3.575 сомға дейін өсті.

Суретшілер Бурят-Монгол АССР-нің павильонын безендіргенде республиканың ұлттық қасиетін бейнелеуге тырысты. Бұл стенділер мен нақлыштардан байқалады. Кіре беріс стендіде Ленин—Сталиннің берді суреті —оның астыңғы: «Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығы, ұлы орыс халқының көмегі арқасында Бурят-Монголия патша самуражыларының отары артта қалған аймақтан дамып түскен социалистік өнеркәсіпті және механикаландырылған ірі ауыл шаруашылықты республикаға айналды» деп жазылған. Бұл жағдайды бірнеше цифрлар әбден дәлелдейді. Өнеркәсіп өнімінің жалпы өнімі 1950 жылмен салыстырғанда 30 процент көбейді. Совет өкметі жылдарында 300 ден аса өнеркәсіп орындары салынды. 1940 жылмен салыстырғанда 1953 жылы егіс көлемі 12,9 процент ұлғайды, мал саны-33 процент өсті. Республикада 38 машина-трактор станциясы бар, соңғы үш жыл ішінде миллионер колхоздардың саны төрт есе өсті.

Бурят-Монголия Шығыстағы ірі мал шаруашылық базасы. Бұл Селегинск ауданындағы Карл Маркс атындағы колхоздың мысалымен көрсетілген. Колхозда қо-

«компаунд» насостарын орнату жоспарын 155 процент, ал, А. Мирасов жолдас 177 процент орындады.

Слесарь П. И. Бобрышев пен П. Силаштьев жолдастар машинист крандары, насос регуляторларын және тормоз цилиндрін жөндеп, оларды жаңадан жасайды. Олар өндірістік жоспарды 286 процент орындады.

—Ал, өзін, — дейді ол, — «тамдем» насосының бу бөлгіштерінің жұмысқа бақылағыш құрал жасап шығардым. Осы сияқты клапандардың қозғалысын тексеретін және басқа құралдарды пайдалануға 16 ұсыныс енгіздім. Осылардың бәрі бақылаудан өткізіліп, өндірісте пайдалануға берілді. Жаңалық тапқыш ұсыныстар еңбек өнімділігін арттыра беруге көмектесті.

А. ҚАЗИЕВ.

рамдық мал мен құстың өсу диаграммасы жасалған. Қара мал 1950 жылы 2811 бәс болса, 1953 жылы — 3.320, қой 14.899 болса, 21.434 болды. Малды жайылымда бағу, мал азығын дайындауды, сыйыр саууды, малды семіртуді механизациялау әдісі туралы талдау баян етіледі. Мұндай колхоздар негенсазақ. Селегинск ауданындағы Маленков атындағы, Партияның 18 съезі, Тушкинск ауданындағы Партияның 17 съезі атындағы және басқа да алдыңғы қатарлы колхоздардың жұмысына арналған стенділерді зерттей отырып көп нәрсе үйренуге болады.

Павильонды көру Якут АССР-нің залын көрумен аяқталады. Зал бүтіндей бағалы аң және бұғы терілермен киіндірілген тәрізді. Якутияның аң терілері жөніндегі байлығы—бүкіл халық иілігі, Республикада табиғат жағдайында бағалы тері беретін аңдарды өсіру және сақтау жөнінде зор жұмыстар жүргізіліп жатыр. Республикада колхоздық және мемлекеттік 123 аң фермалары бар. Залда Орджоникидзе ауданындағы жылтыр қара түсті түлкі өсіретін Ленин атындағы колхоздың аң фермасының табыстары көрсетіледі.

Республиканың байлығы тек аң терілері ғана емес. Оның жері бағалы кендерге, көмірге, түсті металдарға, ағаш запасына бай. Стенділердің бірінде мал шаруашылығы жөнінде қызықты мәлімет бар. 1953 жыл 1951 жылмен салыстырылады. Екі жыл ішінде қара мал саны 86,8 мың бәс болып өсті. Бұл залдан көп қызықты нәрсе білуге болады. Қапуста егілетін аланның үстінде тұрған фотопаннода Сталиндік сыйлықтың значогі бар якут тұр. Бұл Мегино-Кангаласск ауданындағы «Новая жизнь» колхозының овощ өсіруші агротехнигі М. Г. Игорев. Полярлік шеңбердің өміріне тоң жататын бұл аймағында ол қауыннан, қарбыздан және басқа да овощ-бақша дақылдарынан мол өнім алып келеді.

Павильон залының біріне кіре беріс стендіде Владимир Ильич Лениннің Қыйыр Шығыс павильонының барлық экспозициясы үшін тамаша эпитафия боларлықтай данышпандық сөздері жазылған.

Облыс аудандарында, МТС-тері мен совхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

15 августтағы мәлімет
(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Жыйналған дәнді дақылдар	Мемлекетке астық тапсыру	Дайындалған пішен	Сурленген шөп	Забь жырты	Күздік себу
Петропавл	20,7	17,0	38,3	11,3	4,0	66,3
Соколов	11,3	6,8	33,3	37,6	2,2	42,3
Преснов	10,9	4,8	49,6	37,1	9,6	15,8
Приешім	10,8	5,8	44,6	15,2	8,2	12,2
Октябрь	8,1	3,6	53,3	34,7	12,6	41,7
Мамлют	7,6	3,9	37,8	15,7	5,5	7,4
Ленин	7,5	2,7	61,0	33,7	6,9	1,8
Полудень	6,2	2,8	29,4	30,1	5,2	12,3
Совет	5,6	1,6	40,4	14,9	16,2	—
Коновалов	4,3	3,0	34,0	58,1	6,7	2,6
Булаев	3,2	0,8	44,3	71,1	6,3	—

МТС-тер мен совхоздар	Жыйналған дәнді дақылдар	Дайындалған пішен	Сурленген шөп	Забь жырты	Күздік себу
Петропавл	21,5	42,4	8,7	3,3	83,5
Асанов	19,5	32,3	15,1	5,2	40,6
Приешім	13,5	46,8	18,7	5,5	21,0
Образцовой	14,5	56,3	12,4	11,4	—
Преснов	14,4	52,8	49,5	8,2	40,0
Соколов	12,0	33,8	35,6	1,0	30,1
Тимирязев	11,8	40,8	9,2	8,9	22,0
Майбалық	11,8	38,0	21,8	5,6	11,1
Налобин	10,3	32,4	40,3	3,9	58,6
Торангул	10,0	55,5	31,0	13,4	88,7
Ворошилов	9,8	56,9	13,1	13,4	47,5
Баян	9,6	59,1	38,2	17,3	—
Вильямс	9,5	27,8	16,4	2,8	18,5
Интернационал	8,1	43,7	11,2	6,5	—
Ильич	8,1	61,1	45,7	8,2	10,0
Ново-Георгиев	7,6	28,4	38,4	6,3	19,0
Ленин	7,5	44,0	15,5	10,5	—
Совет	7,4	43,2	21,3	13,3	—
Семипалка	6,2	45,6	70,2	9,1	41,9
Чапаев	5,7	42,1	19,2	7,1	—
Коновалов	5,7	55,4	31,6	13,4	—
Полудень	5,5	30,1	25,2	4,4	7,8
Сартомар	4,9	50,1	32,8	8,1	—
Куйбышев	4,6	63,3	47,6	5,7	—
Чистяк	4,5	25,6	56,1	5,5	—
Николаев	4,2	48,3	40,0	5,3	—
Суворов	4,0	38,1	60,1	8,0	4,8
Пушкин	4,0	66,6	25,3	3,2	—
Шағды	4,0	33,8	4,1	8,3	—
Булаев	3,4	42,5	71,1	6,6	—
Калинин	3,1	47,2	71,2	6,0	—
Ескі совхоздар	3,1	54,0	31,1	—	—
Жаңа совхоздар	—	36,1	—	—	—

Жыртылған тыңды өңдеудегі әдістеріміз

Біздің Жданов атындағы астық совхозының коллективі тың жерлерді жыртыу жөніндегі жоспарды мерзімінде және жоғары сапада орындады. Совхозда келесі жылдың егістері үшін 21 мың гектар тың көтерілді.

Тыңға егілген дақылдардан мол өнім алу үшін оларды әзірлеу керек.

тымен трактордың қозғалыс бағыты арасындағы бұрыш 15 градусқа дейін кішірейтіледі.

Дискелі лущильникті осы жолмен қайта жабдықтағанда ол қыртысты аудармай, тек кесілеп, тоңырақты ұсақтайтын болады. Сол сыяқты, лущильниктердің ұстасы салмағы 100—120 килограмм



Совет ауданындағы «Колос» колхозында 40 гектар жерге шаршы ұялы әдіспен күнбағыс отырғызылған-ды. Күнбағысқа түгелдей культивациялау жүргізілді.

СУРЕТТЕ: Колхоз агрономы Г. Груздева мен аудандық партия комитетінің Шағды МТС-і аймағы жөніндегі секретары К. Бигожин күнбағыс аланды аралап жүр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Оқытушылар колхозға көмектесуде

Октябрь ауданындағы Қызыл ту жеті-жылдық мектебінің оқытушылары өздерінің жазғы демалыстарында үнемі колхоз шаруашылығына көмектесіп келеді. Мысалы, оқытушы М. Әбішев жолдас өткен жылғы колхоз өндірісінде жұмыс істеп 70 тен астам еңбек күн тапқан болатын.

Ол үстіміздегі жылы да жазғы демалысқа шығысымен, алғашқы күндерден бастап колхоздың қоғамдық малы үшін жемшөп дайындау жұмыстарына көмекке келді. Ол көзір мал қораларының қасына шөп тасып жүр. Әбішев мектеп секретары Қ. Байтаевпен бірге бір айдың ішінде сыңыр фермасының қасына 460 центнер шөп тасып, үйін берді. Бұлардың бағалы бастамасын қызу қолдаған мектептің басқа оқытушылары да колхоз шаруашылығында жақсы жұмыс істеп жүр. Оқытушылар К. Сейітқожин, К. Тастанбеков, С. Кулекин және басқалары, оқытушылардың үй-іштері жемшөп дайындауда колхозға көп көмек көрсетіп жүр. Кәзір олар мал қораларының қасына 3 мың центнерден астам шөп тасып үйді.

Қ. ҚУРМАНҒАЛИЕВ.

ТҮГЕЛ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

Совет ауданының орталығындағы Смирново орта мектебі кәзір жаңа оқу жылына толық әзір. Мұнда 12 класс бөлмелері, кітапхана, мектеп жанындағы интернат үйлері толық жөнделді. Мектеп мебельері түгел түзеліп, сырланды. Мектепте спорт залы, пән кабинеттері мен педагогикалық бөлме болатын. Олар жөнделіп, қажетті аспап, құралдармен, жаңа кітап-

Мұғалімдердің август кеңестерінің міндеттері

Үстіміздегі жылдың 26—28 август күндері облысымыздың барлық аудандарында мұғалімдердің август кеңестері өткізіледі. Бұл кеңестерде әрбір ауданның және қаланың мұғалімдері өткен оқу жылының қорытындыларына шолу жасап, өздерінің жас ұрпақтарды оқыту және тәрбиелеу жұмыстары жөнінде пікір алысады.

Быйылғы жылы август кеңесінде алғаш рет мектептерде тәрбие жұмысын жақсарту шаралары мен оқушылардың тәртібін нығайту туралы мәселе талқыланады. Бұл жағдай соңғы уақытта мектептерде тәрбие жұмысына жеткілікті мән бермеушіліктің салдарынан кейбір мектептерде оқу процесінің нашарлауынан, оқушылардың кейбір жат қылықтарға бой ұруынан туып отыр. Сондықтан да кәзіргі уақытта бұл мәселеге ерекше мән беріліп отыр.

Совет мектебі жас ұрпақтарды ой-өрісі бең, мәдениетті, білімді азамат етіп, коммунистік рухта тәрбиелеуге тиісті. Ал, коммунистік тәрбие дегеніміз, ең алдымен, саналы тәртіпке, ұйымшылдыққа, еңбекке, социалистік көзқарасқа, өз Отандына деген шексіз сүйіспеншілікке тәрбиелеу болып табылады. Бұл мәселелер әрбір педагогтің оқушыларды тәрбиелеу жұмыстарының негізі болуға тиіс.

Жаңа оқу жылында мектептер жаңа оқу жоспары бойынша жұмыс істейтін болады. Сондықтан да мұғалімдердің август кеңестерінде мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жаңа программа бойынша жүргізу мәселесі де талқыланады. Соңғы кезге дейін біздің мектептер, ең алдымен, оқушыларды жоғары оқу орындарына түсу үшін дайындаған болатын. Ал, жаңа программалар мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асырудың маңызды шаралары қарастырылған. Мұның өзі мектептердің аса маңызды міндет — оқушыларды еңбекке, практикалық қызметке дайындау міндетін ойдағыдай орындауға мүмкіншілік береді. Оқушыларды еңбекте тәрбиелеу, еңбек үшін тәрбиелеу — міне, бұл мәселе мектеп пен педагогтардың ең басты міндеттерінің бірі. Сондықтан да мұғалімдердің август кеңестерінде жаңа программа негізінде оқушыларды еңбек сүйгіштікке, орта мектепті бітіргеннен кейін өндіріс орындарында белсенді жұмыс істеуге ұмтылушылыққа тәрбиелеу мәселесі кеңінен және жан-жақты талқылануға тиіс.

Оқушылардың тәртібін нығайту — әрбір мектептің басты міндеті болуға тиісті. Өйткені, оқушылардың саналы тәртіпті болуы мектепте оқу процесін жақсартудың басты шарттарының бірі. Бұл міндетті орындауда ынтымақты оқушылар коллективін құру проблемасы маңызды орын алады. Тек саналы тәртіпті оқушылар коллективін ұйымдастыра алғанда ғана оқушылардың өзара коммунистік қарым-қатынаста болуына, оларды оқуға саналы қарауына, еңбекті сүюіне тәрбиелеуге жетісуге болады. Бұл міндетті тек сабақ арқылы орындауға болады деген мұғалімдер зор қателескен болар еді.

Оқушылардың ұйымшыл коллективін тек қана формальді түрде тәрбие жұмыстарының жоспарын жасап, аптасына бір рет белгілі сағатта тәрбие жұмысын өткізумен тынады. Бұған мысал есебінде Полудень орта мектебінің жұмысын алуға болады. Бұл мектепте өткен жылы барлық класс жетекшілерінің жасаған жұмыс жоспарлары стандартты және нақтылы жағдайға негізделмеген болды. Рас, жоспарда тәрбие жұмысының барлық түрлері қамтылған. Бірақ, оны жүзеге асырудың әдістері мен формалары туралы ешнәрсе айтылмаған. Кластан және мектептен тыс уақытта оқушылар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу жөнінде бұл жоспарларда тек қана кітап оқу қарастырылған. Ал, оқушылардың туысқандары мен жұмыс істеу мәселесі жөнінде сабақ үлгермейтін оқушылардың үйлерінде болуы ғана атап көрсетілген. Жұмыс жоспарында мектептегі комсомол және пионер ұйымдарының жұмысына мүлде көңіл бөлінбеген деуге болады. Ал, жарты жыл бойына бірде-бір класс жетекшісі оқушылардың ата-аналарымен жыйналыс өткізбеген. Класс жетекшілерінің секциясы мүлде жұмыс істемеді. Мектеп дирекциясы бұл сыяқты маңызды уақытқа мән бермей, оның жұмысын бетімен жіберген. Бұл жағдайдың бәрі мектепте оқу-тәрбие жұмысының дәрежесінің нашарлауына әкеліп соқтырды. Шындығында, Полудень орта мектебінің өткен оқу жылын өте төмен көрсеткіштермен аяқтауында бұл кемшіліктер аз роль атқарған жоқ.

Оқушыларды дұрыс тәрбиелеуде кластан және мектептен тыс уақыттарда олардың арасында жұмыс істеудің зор маңызы бар. Шындығында, жас балалар өте еліктегіш келеді. Әресе, олар ортаның және жолдастарының ықпалына тез түседі. Бұл жағдайда оларға жақсы әдеттермен бірге, зиянды жат қылықтардың да әсер ететіндігін, сөйтіп, олардың кейбір көздері жат қылықтарға бой ұратындығын естен шығармау керек. Мұғалімдер мен мектеп басшыларының және ата-аналардың басты міндеті — балалардың осы еліктегіш қасиеттерін жақсы, адамгершілік қасиеттерге қарай бағыттап, оларды жиіркенішті қылықтардан оқшауландыруға мақсатталған болуы тиіс. Бұл мәселеде мектепте ұйымдастырылатын түрлі пән үйірмелері, спорт жарыстары мен тақырыптық кештер ұйымдастыру зор маңыз алады.

Жас ұрпақтарды білімді, мәдениетті етіп тәрбиелеуде олардың эстетикалық дамуына баға назар аудару керек. Шындығында, балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту олардың бүкіл мінез-құлқына көрік береді. Ал, бұл жағдайда олардың өмірге деген көзқарастары да тездеп қалыптаса бастайды. Сондықтан да, мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарының дәрежесін арттыру шараларын жүзеге асырғанда оқушыларға эстетикалық тәрбие беруді ешқашан естен шығармау керек.

Пионер және комсомол ұйымдары мектеп оқушылары коллективінің ең алдығы қатарлы отряды болып табылады. Мектептегі пионер және комсомол ұйымдары

дік дәрежесі жоғары, мәдениетті мұғалімдер ғана жүзеге асыра алады. Шындығында, өздері капитализмнің адам санасындағы жекеуші сарқыншақтарынан арыла алмай, діни наным мен соқыр сенімнің құшағында жүрген оқытушылар жас ұрпақтарды қалайша тәрбиелемек? Шыншын айту керек, бұл сыяқты оқытушылар біздің арамызда әлі де болса жоқ емес. Бұған мысал есебінде Приешім ауданындағы Бостандық жетіжылдық мектебінің директоры Хамзин жолдасты алуға болады. Бұл «тәрбиеші» әлі де болса діни қалдықтардың құшағында жүрген адам. Оған оның әкесі қайтыс болғанда аза салып, ел жыйнап ас бергені толық дәлел бола алады. Ал, Николаев орта мектебінің (Преснов ауданы) директоры Мұқанов, Булаев ауданындағы Еңбекші қазақ орта мектебінің директоры Хасенов капитализмнің адам санасындағы ең жиіркенішті қалдықтарының бірі — маскүнемдікке бой ұрған. Олар мектепке мас болып келіп, оқушылардың көзінше оқытушыларды балағат сөздермен сөуге, тіпті төбелесуге дейін барған. Бұл сыяқты мектеп «басшыларының» мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының табысты болуына қосатын үлестерінің мардымсыз екендігін айтпаса да белгілі.

Бала тәрбиелеу — күрделі іс. Оны ойдағыдай жүзеге асыруда мектеп коллективі мен ата-аналардың бірлесіп жұмыс істеуі аса зор роль атқарады. Сондықтан да оқытушылар коллективі арқашан оқушылардың ата-аналарымен бірлесіп жұмыс істеуге баса назар аударулары керек. Өйткені, ата-аналардың балаларды тәрбиелеуге белсене қатысуы мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын жақсартудың басты шарттарының бірі.

Мектепте политехникалық оқуды жүзеге асырудың зор маңызы бар. Политехникалық оқудың негізгі формасы сабақ болып табылады. Бірақ, оны тек класта өтетін теориялық тұжырымдармен тоқтауға болмайды. Оқушыларды өздігінен жұмыс істетуге дағдыландыру, лабораториялық жұмыстармен, тікелей өндірістермен таныстыру политехникалық оқуда зор маңыз алуға тиісті. Әресе, оқушыларды ойлауға, теориялық білімді практикада қолдануға үйрету керек. Мұның өзі олардың еңбекке деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды практикалық іске дайындауға мүмкіншілік береді.

Өткен оқу жылы облыстың көптеген мектептері жалпыға бірдей оқуды жүзеге асыруға жете маңыз бермеді. Соның салдарынан мектеп жасындағы 1101 бала оқуға қамтылмай қалды. Бұл сыяқты кемшіліктің болуы себебі, ең алдымен, мектеп басшыларының оқу жылы басталмас бұрын оқу жасындағы балалардың тізімін алуға және жалпыға бірдей оқу қорын жасауға жете көңіл аудармағандығынан деуіміз керек.

Мұғалімдердің август кеңестерінде мектепте оқу сапасын жақсартудың бұл шаралары толық талданып өткен оқу жылында кездескен кемшіліктерді жою шаралары белгіленуге тиіс. Сонымен бірге, әрбір мектеп бұл кеңеске дейін жаңа

агротехникалық талаптарға сай жүргізу-дің маңызы бар. Сондықтан, совхоз кол-лективі жыртылған тың жерлерді дұрыс өңдеуге ерекше назар аударуда.

Жыртылған тыңды өңдеуге «Д—16,5» дискелі лущильникті қолдану ойдағыдай нәтиже бермей жүр. Өйткені, бұл лущильниктермен жерді өңдегенде оның дискелері қыртысты аударып, боразданың түбінде жатқан шым қабатты қайтадан топырақтың бетіне шығарып тастайды. Сонымен қатар, дискелі лущильниктердің рамасы тың жерлерді өңдегенде тез істеп шығады.

Осы жағдайларды еске ала отырып, біздің совхоздың механизаторлары мен мамандары «Д—16,5» дискелі лущильниктерді қайта жабдықтауды ұйғарды. Оны қайта жабдықтағанда дискелі лущильниктерін рамадан алып, ілгешке «С—18» тіркелді. Лущильник дискелерінің бағы-

шамасында жүк қойғанда дискелер топыраққа 8—10 сантиметр тереңдікке дейін батырылады.

Дискелердің топырақты тілу бұрышын кішірейтудің нәтижесінде лущильникті алып жүруге «С—80» тракторының орнына, «ДТ—54» тракторын пайдалануға болады. Мұның өзі жыртылған тың жерді өңдеу жұмысының өзіндік құнын езуір азайтуға көмектеседі.

Жыртылған тың жерді осылайша қайта жабдықтаған «Д—16,5» дискелі лущильникпен өңдеу кәзір жақсы нәтиже беріп келеді. Тың жерді мұндай әдіспен өңдеуді Маленков атындағы совхоздың механизаторлары мен мамандары да қолдап отыр.

Е. КАНЫГИНА,
Совхоздың бас агрономы,
В. ХМАРА,
Совхоздың бас инженері.

тармен толықтырылды.

Жақында болған педагогикалық жөне-те оқушылар кластарға бөлініп, олардың класс жетекшілері, оқу-тәрбие жұмыста-рын табысты жүргізудің шаралары белгі-ленді.

Ш. АЙТМАҒАНБЕТОВ.

ҚЫСҚА ӨЗІРЛІК

«Красный партизан» ауылшаруашы-лық артели (Преснов ауданы) құрылыс-шылары жаңадан стандартты бұзау қора-сын салу жұмысын аяқтады. Жаңа қора-да 150 бұзаулық орын бар. Қораның іші әрбір бес бұзау емияндай етілін, клас-каларға бөлінген. Қоралағы ауаның таза болуы үшін желдеткіштер жасалған. Сон-дай-ақ артеледе екі мал қораларын жөн-деу ісі де қызу жүргізілуде.

Қ. ТАЙКЕНОВ.

қалыптастыруда класс жетекшілерінің атқаратын ролі өте зор. Әресе, класс же-текшілері әрбір оқушымен жеке-жеке жұ-мыс істеп, олардың ата-аналарымен ұд-йы байланыс жасап отыруы керек. Сөйтіп, тәрбие жұмыстарының түрлері мен әдістерін күнделікті өзгерту жағд-айында класс оқушыларының сабаққа жақсы үлгеруіне және саналы тәртіпті коллектив болуына жетісуге болады. Са-палы төртінші коллектив қалыптастыруда оқушылардың арасындағы жолдастық қар-ым-қатынасты зерттеудің де маңызы өте зор. Бұл жағдайда бұйыларға оқу жы-лынан бастап қыз балалар мен ер бала-лардың бірге оқытылуы зор роль атқара-ды.

Бізде осы уақытқа дейін өз міндетіне жауапсыз, формальді түрде қарап келе-жатқан класс жетекшілері жоқ емес. Олар

ның жұмысы тиісті дәрежеде жүргізілетін жерде мектепте оқу-тәрбие жұмысының жақсарту түсетіндігі практикада дәлелде-ніп отыр. Мектептің оқушылар коллек-тиві пионер және комсомол активтерімен бір-лесіп жұмыс істеген жағдайда саналы коллективті қалыптастырудағы қиын-шылықтарды тез және оңай жеңуге бо-лады.

Оқушылардың материалдік дүние та-нушылығын қалыптастыру, оларға ком-мунистік мінездің игі қасиеттерін үйрету, кейбір ата-аналардың санасындағы капитализмнің қалдықтарымен аяусыз күрес жүргізу—әрбір мұғалімнің абырой-лы міндеті. Ең алдымен оқушыларды ді-ни қалдықтар мен соқыр сенімнің әсері-нен таза сақтау керек. Бұл сияқты жауапты міндетті іскерлік және мораль-

оқу жылына дайындық жұмыстарын то-лық және сапалы аяқтаулары керек.

Мектеп жұмыстарын жақсарту—бүгін-халықтық іс. Сондықтан да, мұғалімдер-дің август кеңестерінде бұл мәселелер же-те талқыланып, совет мектебінің жаңа та-быстарға жету жолындағы күресінде облыс мұғалімдері өзіне лайықты орын алуға тиіс. Ал, жергілікті партия ұйым-дары совет жұртшылығының қалың көп-шілігін мектепке күнбе-күн және белсе-не көмек көрсетуге жұмылдырулары ке-рек.

Б. ФЕДЕНЕВ,

ҚКП облыстық комитетінің
мектеп бөлімінің нұсқаушысы.

ВАТИКАН ИМПЕРИАЛИЗМГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ

СОҒЫС ПЕН РЕАКЦИЯ ЛАГЕРІНІҢ АГЕНТІ

«Ватикан» мемлекетін Еуропаның географиялық картасынан табу да қиын. Оның территориясының кішілігі сондай, ол әдетте карта бетінде белгіленбейді. Бұл мемлекет 1929 жылы құрылған бола-ты. Ол Рим қаласы (Италия) террито-риясының бір бөлігіне орналасқан. Оның ауданы небары 44-ақ гектар, ал адамда-рының саны бір мыңға да жетпейді. Оның әскерлерінің саны (полицияны қосқанда) 250 адамнан аспайды. Ватикан мемлекет-тің тежеусіз билеп төстеушісі болып отырған Рим папасы. Кәзір папаның та-ғында папа Пий XII отыр.

Өзінің кішкентай ғана көлеміне қара-май, Ватикан мемлекетінің халықаралық өмірдің оқиғаларына тигізетін ықпалы аз емес. Және империалистік лагердің тіре-гі болып табылады. Империалистер бейбіт-шілік, социализм мен демократия лагеріне қарсы күрестегі одақтасы есебінде Вати-канға зор маңыз береді. Бұл жөнінде, атап айтқанда, 30 дан астам мемлекеттің Вати-канды өзінің дипломатиялық өкілдерін ұстап отырғандығы куә бола алады.

Халықаралық өмірде Ватиканға белгілі роль атқаруға мүмкіндік беретін не?

Ең алдымен, ол —барлық католиктік шіркеулердің ортасы, ал, Рим папасы—барлық католиктік шіркеулердің басшы-сы болып табылады.

Католицизм—христиан діни ағымдары-ның бірі. Тиісті мәліметтерге сәйкес жер шарында 800 миллион христиандар бар, олардың жартысынан аз-ақ артығы ғана римдік-католиктік шіркеумен байланысты (қалғандары грек-православияндық және протестанттық шіркеуге қарайды). Като-ликтіктердің жалпы санының жартысы Ба-тыс Еуропа елдерінде (Италия, Австрия, Испания, Португалия, Франция, Бельгия және басқалары) сол сияқты Польша, Венгрия, Чехословакия сияқты тағы бас-қа да халықтық демократия елдерінде тұрады. ССРО-да католицизм Литвада, Украина мен Белоруссияның батыс облыс-

тарында тараған. Америкада да католик-тер аз емес (негізінен алғанда Оңтүстік Америка елдерінде).

Католиктік шіркеу—өзінің құрылымы бойынша бір орталыққа топтасқан ұйым. Оның барлық епископтары қай жерде өмір сүрсе де Рим папасының үкімін таный-ды және оның таза діни мәселелерге ар-налмаған бұйрықтарын да бұлжытпай орындап отырады.

Діни ұйымдар ешқашан да тап күресі-мен тыс қалған жоқ. Олар әрқашан да болсын өзіндік тапты жақтап, өзінше қарсы шығып келеді. Бұл әресе, импе-риализм дәуіріне тән. Монополистер хрие-тиан, иудейлік, мұсылмандық тағы басқа да ірі діни орталықтарды өздеріне бағын-дырып алып, олардың іс-әрекеттерін өз-дерінің мақсаттарына жауап беретін ба-ғытқа сілтеп отырды. Капиталистердің өкілдері мен агенттері шіркеудің басшы органдарында тұрып, шіркеуді капитал өкіметін нығайтуға пайдаланады. Оған АҚШ-тағы протестант шіркеулерінің (бұл шіркеулер өздерінің ең көп жақтаушыла-рын АҚШ-тан тапқан) бір басшысы Джон Фостер Даллес американдық капиталдың ең агрессивті, жыртықшыл тобының өкілі екенін айтса да жеткілікті. Католиктер шіркеуінің кәзіргі басшысы папа Пий XII Италия банкирі Пачеллидің семьясына шыққан.

Буржуазия елдеріндегі діни ұйымдар-дың өздерінің де капиталы бар және содан пайда табу үшін ынталы. Мысалы, аме-рикадағы католик шіркеулері капиталы-ның өзі ғана 4 миллиард долларға, ал оның жылдық өнімі 800 миллион доллар-ға тең. Сол сияқты, АҚШ-тағы протес-тант және иудей шіркеулері де ірі капи-талды қолына ұстап отыр. Баспасөзде жарияланған мәліметтерге қарағанда Вати-канның өзінің АҚШ өндіріс орындарына 35 миллиард франк, ал еуропалық елдер-дің өндірістеріне салған қазнасы 60 мил-лиард франкке жетеді. Бірсыпыра елдер-де католик шіркеулері ірі жер иелері бо-

лып табылады. Мысалы, Испанияда аса кең аймақты жер шіркеудің меншігі бол-ған.

Діни ұйымдардың капиталға бағынуы мен шіркеу басшы қайраткерлерінің үстем қанаушы таптармен байланысы екі ла-гердің—ССРО бастаған бейбітшілік пен демократия лагері және АҚШ-тың үстем таптары бастаған реакция мен соғыс ла-гері—жүресінде капиталистік елдердегі ең ірі діни ұйымдардың реакциямен соғыс ла-гері жағына шығуына әкеп соқты. Бұл, ең алдымен, католик шіркеуінің орталығы—Ватиканға қатысты.

Ватиканның саяси бағыты, оның бар-лық демократиялық лагерь мен озат ғы-лымға өшпенділігі және капиталистік кү-рылысты сөзсіз қолдауымен айқындалады. Соңғы он жылдар бойы XIX ғасырдың ян-ғынан, бастап алдымен Рим папасы, оның соңынан әр елдегі католик шіркеулері-нің көрнекті қызметкерлері дін мен оған сенушілерге қолдаған көптеген өңімдері мен арнауларында католиктік шіркеудің капиталистік құрылымын қудай жаратты, фабрика, завод, банка мен жер иелеріне жеке меншікті қудай берді, сол себепті, байлардың меншігіндегі дүниеге қол сұғу ең ауыр күнә болады деп ұялмастан, анық айтқан болатын. Сонымен, Ватикан арқылы қанаушы таптар өздерінің әдет-ғұрыптары мен қудай атынан берілген байлықтарын қорғайтын адал қорғаушы-ны тапты.

Империалистер, ең бірінші кезекте, АҚШ-тың реакциялық топтары өздерінің бейбітшілік пен демократияға қарсы ха-лықтарды қудану жолындағы күресіне католиктік шіркеумен басқа да шіркеу діншілдерін кең көлемде пайдаланады. Ал, бұл сияқты маскаралық іске Ватикан бел-сене қатысады. 1949 жылы папа Пий XII коммунистерге қарсы декрет жариялады: коммунистерді қолдағандардың, олардың баспасөзін оқығандардың, сайлауда ком-мунистер үшін дауыс бергендердің барлы-ғында шіркеуден аластаймын деп қор-

қытқан болатын. Алайда, папаның бұл декреті Ватикан мен оның американдық басшылары дөмеленгендей әсер етпеді. Италия, Франция сияқты, және басқа да католицизм аса көп тараған елдерде ком-мунистік партиялардың халық қолдауын кеңінен тауып отырғаны оқиғалар көр-сетті.

ВАТИКАННЫҢ СОЦИАЛИСТІК ЛАГЕРЬ ЕЛДЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚАСКҮНЕМДІККЕ ҚАТЫСУЫ

Коммунизмге, барлық прогреске өшпен-ділігі және империализмге шексіз беріл-гені Ватиканның біздің социалистік Отанымызға деген жаулығының белгісі әбден ашып берді. Ол советке қарсы импе-риалистер қаскүнемдіктерінің қай-қайсы-сына болсын қатысып келді, қатысып та отыр және бұл қаскүлемдіктерді жеңі-нен қолдайды да. Совет халықтарының Ұлы Отан соғысы жылдарында фашист шапқыншылары уақытша басып алған жерлеріне Ватикан агенттері германия-лық талаушы әскерлерімен бірге келіп, ресторанның жұмысына көмектесті. Сол сияқты, соғыс жылдарында неміс шап-қыншылары басып алған—Польша, Венг-рия, Франция, Балқан елдерінде Ватикан мен оның агенттері фашист қарақшыла-рының ең талаушына белсене көмектесті.

Кәзір де Ватикан мен барлық буржуа-зиялық елдердегі католик шіркеулері біз-дің елімізге қарсы жалақорлық компания-ға қосылып, «құрғақ соғысқа» қатысып отыр. Ватикан жасақтаған арнаулы «институттарда» ССРО мен халық демо-кратиялық елдеріне жіберуге арналған шпиондар дайындалып шығарылады.

Соңғы жылдарда Венгрия, Польша, Ру-мыния, Қытайда және басқа елдерде като-лик шіркеушілеріне болған сот процестері бұл елдердегі католик шіркеулерінің бас-шылары Ватиканның қолдауы және үгіт-теуі, империалистік державалардың бас-шы топтарының тура тапсырмалар беруі-мен бұл елдердегі халықтық демократия-лық құрылысқа қарсы қстандық жасау-дың ұйымдастырушылары болған. Қаскү-немдер мен олардың дем берушілерінің алдына қойған мақсаты—Польшада, Венг-

рияда, Чехословакияда және басқа халық-тық демократиялық елдерде помещиктер мен капиталистер өкіметін қайта орнату, еңбекшілерді қол жеткен табыстарынан айыру, бұл елдерді империалистердің ота-ры мен советке қарсы қаскүнемдіктің ошағына айналдыру еді.

Екі соғыстың аралығындағы дәуірде Ватикан Италия, Германия тағы басқа елдердегі фашист өкіметтерінің одақтасы болды. Ал, бірінші дүниежүзілік соғыс-тан кейін ол италиялық фашистерге өкіметті басып алуға көмектесті. 1933 жылы Германияда фашистік диктатура орнаған кезде Гитлердің фашистік өкіметін таңушылардың ең біріншісі болып, онымен фашистік режимнің өмір сүрген ақырғы күніне дейін бірлесе қызмет етті. Дүниежүзілік екінші соғыстың аяқ ке-зінде фашистік белдіктердің күйреуінің айқындалған соң Ватикан АҚШ-тың бас-шы топтарымен одақтасудан үміт етіп, католиктік шіркеуді Американың жер шарына қожалық етуі жолында қызмет істеуге қосты.

ВАТИКАН —АМЕРИКАНДЫҚ ИМПЕРИАЛИЗМНІҢ ТІРЕГІ

Ватикан АҚШ-тың басшы топтарының Совет Одағы мен барлық социалистік ла-герге қарсы бағытталған жаңа соғысты дайындауға агрессивтілік, реакциялық саясатына зор маңыз беріп, оның жүргі-зуіне белсенділікпен қатысуда. Батыс Гер-маниядағы католиктік белдік ұйымдарға сүйене отырып, ол көпшілігі католиктік топқа жататын неміс кекшілдерінің бұза-ушылық істерін сүйсіне мақұлдайды. Бұл ең алдымен Батыс германиялық канцлер Аденауэрке қатысты. Неміс епископтығы мен католиктеріне жіберген көптеген ар-науларында папа Пий XII германиялық кекшілдердің Польша мен Чехословакия территорияларын басып алу туралы жа-саған жоспарларын қолдайтындығын сан рет анық білдірген болатын.

Герман мәселесіндегі ватикандық сая-саттың негізгі мақсаты—империалистер мен Батыс Германиядағы реакциялық топтардың Германияны еуропалық реак-цияның орталығы етіп қайта құру жө-ніндегі жоспарларын іс жүзіне асыруда

бірінші қызмет ету. Ватиканның Батыс Германиядағы ресми өкілі американдық соғысқұмарлармен тығыз байланыста отырған реакциягер, американдық архие-пископ Мунк деген біреу. Герман мәселе-сіндегі американдық империалистер мен германиялық монополистердің, Ватика-ның реакциялық саясатын таратушы не-міс епископтығы болып отыр. Онда «шы-ғысқа» қарсы «ерлік пікір» айтқан Кельнский кардинал Фринге сияқты адамдар да бар.

Ватикан американдық соғыс өртің тұ-тандырушылардың еуропалық қорғаныс бірлестігі» деп аталатын АҚШ-тың қам-қорлығы мен құрылған Европадағы бур-жуазия мемлекеттерінің реакцияшыл со-ғыс одағына көмектесу үшін барлық күш-шіні жұмылдыруда. Бұл одақта, әрине, ең басты рольде ойнау—гитлерлік генерал-дардың бастауымен қайта құрылған гер-маниялық армияның үлесіне тиер еді.

«Қорғаныс бірлестігін» құрудың нағыз жақтаушыларының бірі, АҚШ-тың ка-толиктік шіркеулердің басшыларының бірінен саналатын және Нью-Йорк архие-пископы—кардинал Spellman.

Ватикан бастаған католиктік шіркеу дүние жүзі халықтарын доллардың билеп-төстеуіне беру үшін, жер шарына қожалық еткісі келетін американдықтармен бірлесе отырып, халықтардың ұлт суве-рендiгіне өршелене қарсы шығуда. Әрине, католиктік шіркеу өзіне тән жағымпаз-дылығымен американдық басшы топтар-дың мүддесі үшін болып отырған космо-политизмді діни тұрғыдан бүркемелеп, өзіне табынатын адамдарды алдамашыл болады. 1948 жылғы өзінің жіберген туысқандық қатынасында папа Пий XII мемлекет пен қоғам және «құдайдың әмі-рі» деген католиктік «доктринаға» сүйе-не отырып, ұлт суверендігінің «католик пікіріне» қарсы сөйлесен. Пий XII сүйенген «құдайдың әмірінің» ұлт суверен-дігіне қарсылық дриципін, шын мәнінде пападан қолдау тауып отырған америка-ндық империалистер саясатының өмірі деп түсіну керек.

(Соңы 4-бетте).



Петропавлдағы жас техниктер үйірмесі жұмыс істейді. Мұнда оқытушылардың бірқатары кәзірдің кезінде өз бетімен жұмыс істеуді меңгерген.

станциясының жанында ағаш шеберлерінің үйірмесі жұмыс істейді. Мұнда оқытушылардың бірқатары кәзірдің кезінде өз бетімен жұмыс істеуді меңгерген.

СУРЕТТЕ: үйірменің нұсқаушысы келгендерге үйірменің оқушылары отыр.

Филипп Алексеевич Мухкет жаңадан жасаған ағаш бұйымдарын көрсетіп Суретті түсірген А. Розенштейн.

ЕСІЛ АЛҚАБЫНДА

Күміс сулы, шүйгін шөпті Есіл өзені ежелден ел ырысы атанған. Солтүстік Қазақстан облысының жерін қақ жарып өтетін бұл өзеннің байлығы бір кезде ат төбеліндей бір топ байлардың меншігінде болып келді. Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылған Ұлы Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде Есілдің ең байлығы халық қарамағына беріліп, ел ырысына айналды.

тыңдаған колхоз председатели Қайыржан Рыспаев:

—Шөп шығымының молшылығы жақсы-ақ қой, отағасылар, әңгіме осы мезгілге жетіп алуда емес пе, — дейді колхоз шаруашылығын да ескерте сөйлеп.

Есіл бойын қоныстанған елдің халқы әдетте бұл өзенді ерке Есіл деп атайды, пшндығында бұл сөздің зор маңысы бар. Кәзір де колхозды- ауылдың мыңдаған малдарының жайылымы болып отырған Есілдің кең алқабының шүйгін шөбі қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде аз роль атқарып отырған жоқ.

Был жыл колхоз 8300 гектар алаңның шөбін шауып, жыйнап үйге тиісті. Бұл аз жұмыс емес. Колхоз пішен науқаны басталысымен қолда бар мүмкіншілікті толық пайдаланудың жолын қарастырған шаралар белгілеген болатын. Пішен шабуда өздігінен жүретін үш машина, 11 кеңалды машина, 6 кәлік машинасы, 110 адам жұмыс істеуге тиісті. Сол сияқты, жыйнау және үю машиналары да жеткілікті. Барлық мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, колхозшылардың жұмыс күнін дұрыс ұйымдастырудың арқасында пішен дайындау жарысында № 2 бригада алға келеді. Мұнда кәзірдің өзінде 40 мың центнерден артық жем-шөп дайындалды. Бригаданың озаты өздігінен жүретін машинаның машинисі Ш. Қабдолов күніне 45 гектар алаңның шөбін шабады. Ал, кубандық механизатор Малиновский жолдас күніне 50 гектарға дейін алаңның шөбін шауып, өзге механизаторларға еңбек үлгісін көрсетуде.

Ерке Есілдің мөддір суы мен шүйгін шөбі бұл күндері оның жағасын жайлаған елдердің зор байлығына айналды. Міне, осы қазыналы жерді ежелден мекендеп келе жатқан елдің бірі—Октябрь ауданының колхоздары мен совхоздары. Бұл ауданда Есілдің ең байлығын пайдаланбайтын колхоз кемде-кем-ақ.

—Біздің бригаданың мүшелері, — дейді бригадир Нұрғалиев, — маяланбаған шөп малға азық емес дейді. Ал, шөп үюшілер Күспеков, Бекқожин, Жиенбаевалар күнделікті тапсырмаларын біржарым-екі еседен орындайды.

Осы мыңдаған гектар алқалар мен төгілаларға жыл сайын жазғытұры ой-шұқырды толтыра, сабабынан тасыған Есіл

Мал азығын толық әзірлеу үшін күрес колхозда әлі де қызу жүруде.

ИНДОНЕЗИЯДА ОТАРШЫЛДЫҚ ТӘРТІПТІ ТОЛЫҚ ЖОЮ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

ДЖАКАРТА, 16 август. (СОТА). Индонезияның көптеген бұқаралық ұйымдары соңғы кезде голландықтар оккупациялаған Батыс Иранды Индонезия республикасымен тез арада қайта қосу жөнінде пікір айтқан. Бүгін баспасөзде Батыс Иранды азат ету жөніндегі халықтық ұйымның мәлімдемесі жарияланған, онда Батыс Иран туралы мәселені шешу Индонезияның ішкі сұмысы екендігі және сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымының араға түсуін өтінудің қажетсіздігі атап көрсетілген. Халықтық ұйым Голландия үкіметінің оның агрессиялық жоспарлары үшін айыптап отыр.

ГОЛЛАНДИЯНЫ АМЕРИКАНДЫҚ АВИАЦИЯ БАЗАСЫНА АЙНАЛДЫРУҒА ҚАРСЫ

ГААГА, 16 август. (СОТА). «Де Ваархейд» газеті Голландия үкіметінің американдарға өз авиациясын голландық авиация базасы Сустерберте орналастыруға право беретін шартқа 13 августа қол қойғандығын хабарлай келіп, былай деп жазады: голланд халқына бұл шақыру Европаның хауіпсіздігі туралы мәселе бойынша кеңес өткізу жөнінде бүкіл Батыс Европада совет ұсынысын қабылдау үшін қозғалыс жүріп жатқан кезде тасталды. Газет Голландияның барлық бейбітшілік сүйісін азаматтарын «американ ұшқыштарының Голландияның әуе кеңісін бузуын тоқтату және Голландияны американ агрессорларының арандатушылық әрекетіне қатыстыру ісіне бөгет жасауға барлық күшті жұмылдыруға» шақырады.

САУД АРАВИЯСЫНЫҢ АМЕРИКАН «КӨМЕГІНЕН» БАС ТАРТУЫ

БЕЙРУТ, 16 август. (СОТА). Ливан газеттері Вашингтоннан алынған хабарларға сүйенсе отырып, Сауд Аравиясының АҚШ бұл елге шет мемлекеттерге көмек көрсету жөніндегі заңының негізінде 1951 жылдан бастап көрсетіп келе жатқан американдық экономикалық «көмегінен» бас тартқандығын хабарлады. Газет хабарында, американың мұнай компаниялары Сауд Аравиясынан мұнай өндіру арқылы жыл сайын 2 миллион доллар табыс алады, ал Сауд Аравиясы 1953-1954 финанис жылдағы ішінде АҚШ-тан көмек ретінде барлығы аз абындаған американың долларындай ғана ақша алды, деп атап көрсетіледі.

Хабарда Сауд Аравиясында қызмет істейтін шетелдік операциялардың американдық миссиясының басқармасы таяуда кері шақыртылып алынады, делінген.

ИОСИДАНЫҢ АҚШ-қа БАРУЫ ТАҒЫ ДА КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН

ШАНХАЙ, 15 август. (СОТА). Кюдо Цуси агенттігінің хабарына қарағанда, Жапония Министрлер кабинетінің бас секретары Кэнцэ Фукунога премьер-министр Сигеру Иосидоның сентябрь айына тағайындалған АҚШ-қа баруы тағы да кейінге қалдырылғандығы жөніндегі хабарды бекіткен.

Француз Коммунистік партиясы саяси бюросының мәлімдемесі

ПАРИЖ, 16 август. (СОТА). «Юмани-те» газеті, мәлімдемеді атап көрсетілгендей, Францияның ратификациялауын «американың билеп төсетуші топтары парламенттің қаниқуға шығуына дейін талап етіп отырған», «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы шарттың ұлттық жыйналыста 28 августа жариялануына байланысты француз Коммунистік партиясы саяси бюросының мәлімдемесін жариялады.

«Бірақ істің басқа да жағы бар,—делінген мәлімдемеді.—Егер Франция «болмайды» десе, герман кекшілерін қаруандыруға болмай қалады. Мұнымен бірге, жаңа кеңес шақыру жөніндегі совет ұсыныстары Германияны қаруандыруға жол бермейтін, Францияның ұлттық мүдделерін құрметтеуді қамтамасыз ететін, француз және неміс халқының арасындағы жақындыққа берік жағдай жасайтын және барлық европалық елдердің хауіпсіздік тілегіне жауап беретін мәселені бейбітшілік жолмен шешу мүмкіншіліктерін ашады».

Министрлер Советі председателінің алдағы болатын айтыстың аяғында оның сөзін көрсету жөнінде мәселе қою жайындағы мәлімдемесін Компартияның Саяси бюросы үкметтің шартты «ратификациялауға жеткізуге» тырысатындығына нұсқау ал, бұл «вермахтың қайта тууын, Герман кекшілерін қаруандыруды қолдау» болады деп бағалайды.

Саяси бюро француз халқының басым көпшілігінің Париж шартын мейлінше сөккендігін және кәзір оның ұлттық жыйналыста қолдау табуына жол берілмеуіне барлық күшті жұмсау қажеттігін ескертеді. Мәлімдемеді «отан мен дүние жүзіне төніп отырған хауіпті әлсірету» үшін «Европалық армияға» қарсы жұмысшы табының барлық патриоттармен бейбітшілікті жақтаушылардың қыймыл бірлігі қажеттігі туралы айтылады.

«Европалық қорғаныс бірлестігінің» зор зыянына сипаттама бере келіп, Саяси бюро былай деп атап көрсетеді: Батыс Германияны қаруандыруды жақтаушылардың мәлімдемесіне қарағанда, ол, «сөз-

Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Миннің Индо-Қытай елдеріндегі байқау және бақылау жөніндегі Халықаралық комиссияның мүшелерін қабылдауы

ШАНХАЙ, 13 август. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі хабарлап отырғандай, кеше Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин Индо-Қытай елдерінде байқау және бақылау жүргізу жөніндегі Халықаралық комиссияның алдыңғы топтары құрметіне қабылдау жасады. Қабылдауға премьер-министрдің орынбасары және сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Фам Ван Донг, Вьетнам Халық армиясының бас командашысы және қорғаныс министрі генерал Во Нгуен Зиан, қорғаныс министрінің орынбасары Та Куанг Быу, Вьетнамдағы байқау және бақылау жүргізу жөніндегі Орталық аралас комиссиядағы Вьетнам Халық армиясы бас команданисінің делегация басшысы генерал Ван Тьен Дунг және басқалары қатысты.

орындауға осындай шын ниетпен сенім береді деп сенеміз.

Вьетнам халқы және Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметі атынан Индо-Қытайда байқау және бақылау жүргізу жөніндегі Халықаралық комиссияның алғашқы тобын Хо Ши Мин құттықтады.

Президент Хо Ши Мин Халықаралық комиссияның алдында күрделі әрі жауапты міндет тұрғандығын атап көрсетті. Бірақ Вьетнам халқы және Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі байқау және бақылау жүргізу жөніндегі Халықаралық комиссиясының Женева келісімінің қарарларын және қорытынды декларацияны орындай отырып, сол сияқты теңдік, әділеттік, мүдделі жақтардың тығыз ынтымақтастығы мен көмегі арқасында комиссияның өз міндетін орындай алатындығына сөзсіз сенеді. Вьетнам халқы мен Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі, деп Хо Ши Мин Индо-Қытай елдерінде байқау және бақылау жүргізу жөніндегі Халықаралық комиссияға өзінің шын ынтымағы мен көмегін көрсетуге әзір.

—Вьетнамның Демократиялық Республикасының Халық үкметі мен Халық армиясы, — деп президент Хо Ши Мин, — Женева келісімін құрметтеуге және мұқият орындауға сенім береді. Біз француз үкметінің және барлық мүдделі жақтардың бейбітшілік туралы келісімді

Халықаралық комиссия тобының басшысы, сол сияқты Канада және Польша делегациясының басшысы жауап сөз сөйледі. Олар Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметі мен Вьетнам халқының тарапынан көрсетілген меймандостыққа өздерінің риза екендіктерін айтты және Вьетнам халқына бейбіт құрылыста жаңа табыстарға жете беруді тіледі.

Батыс Германия жастары делегациясының Совет Одағына баруы туралы пікірі

БЕРЛИН, 16 август. (СОТА). «Юнге-вельт» газеті бүгін Совет Одағына барып қайтқан батыс герман жастарының мә-

ларда, заводтар мен жоғары оқу орындарында совет адамдарымен әңгімелесуімізге біздің толық мүмкіндігіміз болды. Со-

СОВЕТ ЖӘНЕ БОЛГАР ФУТБОЛШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУІ

Жуырда Мәскеудің «Динамо» стадионында Болгария мен Мәскеудің құрамды командалары арасында футбол жөнінен халықаралық жолдастық кездесу болды.

...Қонақтар қызу қыймылады. Шабуыл жасаушы болгар Нанайотов онтөртінші минутта Милавотты шеберлікпен алға шығарып жібереді, сөйтіп, ол допты әдемілеп ұрады. Есеп 1:0.

Ойын біртіндеп теңеле бастайды және москвалықтар болгар командасының қанпасы алдына жиі- жиі төне түседі. Москвалықтардың командасында шеттен шабуыл жасаушылар Татушин мен Рыжжик көзге түседі. Олар болгар қақпашысы Иосифовты әлсіз әлсіз ойынға кірісуге мәжбүр етеді. 22-минутта Татушиннен допты алған Ильич қақпадан жауапты доп өткізеді. Есеп 1:1.

Демалыстан кейін де ойын қарқынды бәсеңдемеді. Болгар футболшылары москвалықтар қақпасының алдында екі дүркін хауіпті жағдай туғызады. Бұдан кейін инициатива Москва командасының қолына көшеді. Бірақ оның шабуыл жасаушылары бірқатар қолайлы жағдайларды пайдалана алмады. Ойынның екінші жартысы сонымен нәтижені өзгерте алмады. Ойынның есебі 1:1.

Болгар футболшылары қоян-қолтық ойындағы үлгісін көрсетті. Олар жақсы физкультуралық дайындықпен бірге, доп ойындағы жоғары техникасын көрсетті.

Болгар және совет футболшыларының кездесуі достық жағдайда өтті.

А. АКИМОВ, Спорттың еңбек сіңірген мастери.

НОВОСИБИРЬ—СТАЛИНГРАД ЖЕЛҚАЙЫҚ САПАРЫ

МОЛОТОВ, 16 август. (СОТА). Бүгін мұнда Новосибирь-Сталинград желқайық сапарына қатысушылар келіп жетті. Бұл сапарға шыққан Новосибирь су транспорты инженерлері институтының бірнеше студенттері.

Спортшылар екі төртқатарлы желкемен 84 күнді сапарда Обь, Ертіс, Исет, Чусовой және Камамен 4208 километр жер жүрді. Оның ішінде физкультурашыларға 260 километр жерге желқайықты арнап істелген арбашамен сүйреуге тура келді.

Желқайық сапарына қатысушылар Молотов еңбекшілері жылы жүзбен қарсы алды. Спортшылар 19 августа Кама және Волга бойымен дақтық Сталинград қаласына сапарға шықпақ.

ЕЛІМІЗДЕ ФУТБОЛДАН БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ҮШІН

МИНСК, 16 август. (СОТА). Бүгін мұнда «Динамо» стадионында елімізде футболдан бірінші орын алу үшін «А» классты командаларының кезекті ойыны болды. Минскі спортшылары мен «Локомотив» қорамының москвалық футболшылары кездесті.

Жарыс 2:3 есебімен Минскі футболшыларының жеңісімен аяқталды.

СЕЛО ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРЫНЫҢ ЖАРЫСЫ

САРАТОВ, 16 август. (СОТА). Кеше мұнда РСФСР бойынша бірінші орын

алқаққа мол су жайылды. «Жердің құтты —су» дегендей быйылғы жылы да Жамбыл ауылшаруашылық артелиннің шабыт-дырына қалың шөп шықты.

—Жасым 70-ке жеткенше біздің бес бірдей алқаққа быйылғыдай бітік шыққан шөпті көрген емен, —дейді Айтқожа қарт.

—Алқақтың әр гектарынан 20—25 центнерден шөп алудамыз. Ырыс деген осы да, —дейді Салмен қарт оның сөзін күшпей түсіні. Бұлардың әңгімесін күле

Бейне мал шаруашылығынан түскен табыстың өзі ғана бізді миллионерлердің қатарына қосуға тиісті. Мал қыстату науқанын үлгілі әзірлікпен қарсы алу — біздің колхозшылардың келелі мақсаты, —дейді председатель Рыспаев.

Рас, колхоз табысын мөлайға беру, колхозды озаттар қатарына шығару, елімізде азық-түлік молшылығын жасау ісіне келелі үлес қосу —Есіл бойын мекеденген колхозшылардың бүгінгі тілегі де, мақсаты да.

Г. МАЛДЫБАЕВ.

ИНДИЯДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

ДЕЛИ, 15 август. (СОТА). «Индия Экспресс» газеті хабарлап отырғандай, Гондак, Балани, Баити өзендерінің тасуы салдарынан, Бачвар, Бегусарай, Барьяпур, Тетхра және Бетхра (Солтүстік-Шығыс Индия) аудандары су тасқынына әсеулі зыян шеккен. Бегусарайда 3 мың үй суға кеткен, 20 мың адам баспанасыз қалған, 50 деревняда егістер жойылған.

Совет Одағына барып қайту, делінген мәлімдемде, біз үшін зор оқуыға болды. Біз Совет Одағында бірнеше күн болып қайттық. Делегацияның ішінде федеральдық республиканың түрлі қалаларынан өкілдер, жұмысшы мамандықтары мен түрлі қозғалыстардың көптеген адамдары болды. Біз Москвада, Ленинградта, Тбилисиде, Сухумида, Гаграде және Сталиногорекіде болып қайттық. Қалалар мен село-

вет Одағында біздің Отанымыздың бөлшектенуін ешкімнің де тілемейтіндігіне көзіміз жетті. Қайта, совет адамдары Германияны қайта біріктіруді, онымен әділетті келісім жасауды қызу қуаттайды.

Біз, батысгерман жастары орыс жастарының өмірімен танысуға ынта едік, және енді Совет Одағының жастарының өмірі қуанышты, творчестволық іспен толы және олар болашаққа оптимистікпен қарайды деп айта аламыз.

ВАТИКАН ИМПЕРИАЛИЗМГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ

(Соңы. Басы 3-бетте)

Қай жерде ғана болмасын, Ватикан ең реакцияшыл топтармен, фашистермен тығыз байланыста. 1953 жылдың августында ол Испаниядағы Франконың фашистік өкметімен конкордат (келісім) жасап, католик шіркеуі мен испандық фашистердің арасындағы қарым-қатынасты бұрынғыдан да нығайта түсті. Бұл конкордатқа фашистік Испания үкметі мен АҚШ үкметінің арасындағы соғыс одағы жасалмастан бір ай бұрын қол қойылуының өзі кездейсоқ емес. Өзінің Франкомен одағын таңыту үшін папа Пий XII 1953 жылдың декабрыда бұл фашистік туысқандық сыйлық беріп, ең жоғары ватикандық орденмен наградтады. Сол сыяқты, Ватикан АҚШ-тағы фашистік топтармен де, оның ішінде, фашистік сенатор Маккартимен (оның өзі де католик) ең жақсы қарым-қатынаста болып отыр.

Өзінің реакциялық саясатын іс жүзінде асыруда Ватикан тек католик шіркеуіне ғана сүйеніп қоймай, сонымен бірге, өзі құрған әртүрлі ұйымдардан да қолдау табады. Жұмысшы қозғалыстарын ыдыратумен, еңбекшілердің революциялық күресін әлсірету мақсатын көздеген католиктік шіркеу буржуазияның көмегімен жұмысшылардың таптық күресінде штрекбрехерлік ролде ойнайтын «христиандық кәсіпшілер одағын» құрды.

КАТОЛИКТИК ПАРТИЯЛАР — АМЕРИКАНЫШЫЛ ПАРТИЯЛАР

Біресыпара елдерде Ватиканның реакциялық саясатын «христиандық» деп аталатын және католиктік партиялар жүргізін келеді. Италия, Франция, Австрия, Бельгия, Батыс Германия, Голландия, Люксембург тағы басқа да көптеген елдерде соңғы жылдары католиктік партиялар бастауы болып алды. Олар негізінен алғанда буржуазиялық, американышыл партиялар, өз елдеріндегі буржуазия мен помещиктердің және американдық империалистердің мүддесі үшін халыққа қарсы бағытталған саясатты жүргізуші болып табылады. Католиктік партиялар «европалық қорғаныс бірлестігін» құрумен германиялық агрессияшыл армияны қалпына келтіруді қызу жақтайды.

Франциядағы католиктік партия соғыстан кейінгі жылдар бойына, ұлтқа қарсы, реакциялық бағытта келеді. МРП-ның басшыларының бірі Бидо сыртқы істер министрі болып отырған кезде өзінің сыртқы саясатында Францияның ұлттық мүддесіне зиянды, американдық бағытта жұмыс істеді.

Батыс Германиядағы Аденауэр бастаған католиктік партия-кекшілер партиясы, рейн-вестфальдағы завод иелері мен банкирлердің партиясы, Германиялық және американдық империалистердің нұсқауы, сонымен бірге олардың ынталана қолдауы арқасында бұл партия герман милитаризмін қайтадан орнына келтіруге асығуда.

Католиктік партиялардың іс-әрекеттеріне Ватикан мен католиктік епископтық үлкен әсерін тигізеді.

Ватикан өз қаражатын жұмсап, капиталистердің отар және тәуелді елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаншуга көмектесуде. Ватиканның «миссионерлік» деп аталатын ұйымы (протестанттық шіркеудегі сыяқты) «дінді үгіттеу» үшін құрылды десе де, шынында, империализмнің шпиондық агентурасының ролін ойнап жүр. Қытай халқына жаулық іс-әрекетті таяу уақыттың өзінде ғана Қытай миссионерлері жүргізді. Шпиондық арандатушылық әрекеттерімен Ватикан миссионерлері көзір де Индияда тағы басқа Азия мен Африка елдерінде жүргізіп отыр. Ватиканның өкілдері Азияның көптеген елдеріндегі реакцияшыл топтармен тығыз байланыста.

Католик шіркеуінің біздің миссиямыз адамдар арасында «бейбітшілік пен туысқандықты» нығайту деп жағымпаздықпен даурылғанына қарамай, Ватикан, оның тапсыруы бойынша бірсыпыра елдердегі католик епископтары бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысымен атом қаруын тыю жөнінде қол қоюға ызалана қарсы шығады. Бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысына тілектес болған дін адамдары құғын-сүргінге ұшырады. Осындай себептермен, бейбітшілік жолындағы күреске белсене қатысқандығы үшін италиян священнигі Андреа Гаджероны Ватикан шіркеуден аластады. Сөйтіп

отыра, католик шіркеуінің басшылары өздеріне табынушыларды өтірік алды, бейбітшілік үшін «құдайға сыйынамыз» деп сендірмек болады. Істің шындығында олар дүние жүзілік жаңа соғыс дайындығын жасап отырған АҚШ-тың басшы топтарының агрессиялық, адамға деген жауыздық саясатын қолдайтыны айдан-анық.

КАТОЛИЦИЗМНІҢ РЕАКЦИЯЛЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫ

Империализмді бүтіндей қолдай отырып, Ватикан буржуазияға діни ұйымдардың қолында бар барлық құралмен, басқана айтқанда идеологиялық құралмен, дінмен көмектесуде. Ол қалың көпшілікке өмір сүріп отырған капиталистік құрылыс пен капиталистік жеке меншікті құдай жаратқан деп өтірік, реакциялық идеяны үгіттейді. Коммунистер мен еңбекшілерді қанаушыларға қарсы революциялық тап күресіне шақыруына қарама-қарсы, католик шіркеуі «таптық бейбітшілікті», еңбек пен капиталдың бірлесе жұмыс істеуін уағыздайды. Ол еңбекшілерді өздерінің тұрмысын жақсарту жолындағы күрестен бастартып капиталистік құрылыстың ұшыратып отырған шектен шыққан төзгісіз жағдаймен келістірмек болады.

В. И. Ленин «барлық» және әртүрлі қанаушы тап өзінің үстемдігін қорғау үшін әлеуметтік екі функцияны қажет етеді: жемдеттік функция мен поштық функция. Жемдет қаналушылардың қарсылығы мен наразылығын басуға міндетті. Пош қаналушыларды тыныштандырып, оларға жоқшылықты жеңілдету және таптық үстемдіктің сақталуындағы болжатын құрбандықтың болашағын (бұл әсересе мұндай болашақтың «іске асуы» туралы кепілдеме бермей-ақ істеуге қолайлы...) бейнелеуі керек. Ал, сонымен бірге оларды мұндай үстемдікке келістіріп, революциялық қозғалыстан аулақтау, революциялық көңілін ыдырату, революциялық батылдығын талқандау үшін керек» деп жазды (В. И. Ленин, шығармалары 21-том, 206 бет. IV басылуы).

Католицизм қалың көпшілікті ақсөздіктердің езушілігіне қарсылық сезімін басып тастап, оларды болып отырған жағдаймен келісімге келтіру үшін осын-

дай реакциялық идеологияны таратады. Католицизм (барлық діндер сыяқты) еңбекшілерге «ол дүниедегі патшалыққа», сендіре отыра, олардың жер бетінде жақсы өмір сүруі үшін күресулерін талап етеді.

Ватикан —сонымен қатар озат ғылымның қас жауы. Католик үгітшілері шіркеудің тікелей тапсыруы бойынша материализмді «жоққа шығаруға» тырысып, коммунизм мен коммунистік философия туралы жалақорлық кітаптарын жазады. Ватикан католик оқымыстыларынан өздерінің жұмыстарының негізін еңжілдік, әлем туралы ғылымға қарсы пікірлерден алуын талап етеді. 1950 жылдың өзінде-ақ папа Пий XII эволюция теориясына қарсы ерекше жолдамамен католиктік оқымыстылардың адамның шығу тегі жөніндегі мәселеге еңжілден, «алғашқы адамдарды» құдай балшықтан жаратты, ал оның әйелін сол адамның өзінің қабырғасынан жаратты деген қағидада алу керектігі жөнінде жазған болатын. Мемлекеттік аппаратқа католиктік шіркеудің үлкен әсері тиетін кейбір елдерде, мысалы Испанияда, ол халық ағарту ісінің барлық жұмыстарын өз қолына жыйнап алды. Кейбір басқа елдерде де (Франция, Италия, АҚШ, т. б.) шіркеу осындай дәрежеге жетпекші. Ол орта ғасырдағы қараңғылықтың, рымшылықтың, نادандықтың уын егуде.

ПРОГРЕССИВТИК КҮШТЕР ВАТИКАННЫҢ РЕАКЦИЯШЫЛ СЯСАТЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ

Ватикан мен католик шіркеуінің басшылары реакциялық саясатының іс-әрекеті шіркеуден оған сенушілердің көпшілігін, сол сыяқты көптеген сыйынушыларды бездіріп отыр. Сондықтан Ватиканның өзіне ертен 400 миллион адам бар деп буржуазияның статикалық басысында католиктердің айтқанына тіпті де сенуге болмайды. ССРО мен халықтық демократия елдерінде католиктер мен басқа діндегі сенушілердің басым көпшілігі барлық еңбекшілермен бірлесе отырып, шаруашылық құрылыстарының жоспарын жүзеге асыруда, бейбітшілік жолындағы ұлы күреске белсене араласады. Мұнымен олар социалистік лагердегі елдерге қастандық жасап отырған Ватикан мен католиктік шіркеу саясатына қарсы екендіктерін дәлелдейді.

Буржуазия елдерінде де шіркеудің қорқыңанына қарамастан бейбітшілік, демократия мен әлеуметтік прогресс үшін күресетін прогрестік топтардың саясатын қолдайтын католиктер саны барған сайын көбейе түсуде. Мысалы, 1953 жылы Италияда болған парламенттік соңғы сайлауда коммунистер 6 миллионнан аса дауысқа ие болды. Бұл жерде коммунистер үшін миллиондаған италиян католиктерінің де дауыс бергені анық. Өйткені олар де Гаспери бастаған Ватикандық христиан-демократиялық партияның үстемдік етуі Италияның халқын қайырышылыққа ұшырата түскенін және Италияны американдық миллиардерлердің езушілігінде қалдырғанын жақсы түсінген болатын. Олардың сонымен бірге, коммунистер бастаған демократиялық күштердің ғана халық мүддесіне баянды бейбітшілік үшін, елдің ұлттық тәуелсіздігі үшін шын мәніндегі бірден-бір күрескер екеніне көздері жетті және жете бермек. Дәл осы сыяқты өзгеріс Европа елдеріндегі католик дініне сенуші жұртшылықтың арасында да болып отыр.

Тек жұмысшылар шаруалар мен интеллигенция арасынан шыққан дінде сенуші адамдар ғана емес, сонымен қатар төменгі руханишылардың да бір бөлігі Ватиканның қатты тыйым салуына қарамастан коммунистермен бірлесе отырып, халықтардың бейбітшілік үшін күресіне белсене қатысып келеді.

Коммунистер мен жұмысшылар партиясы барлық елдердегі халықтардың бейбітшілік пен бостандық үшін күресін бастауда еңбекшілердің саяси және діни қарақастарының айырмашылықтарына қарамастан, бейбітшілікке, ұлттық тәуелсіздікті сақтап қалу мен халықтардың қалың көпшілігінің тұрмыстарын жақсартуға жету жолындағы күресте олардың бірлесе қиймыл жасауларына жетуде.

Барлық елдердің коммунистері Ватиканның американдық соғыс өртен тұтандырушылардың одақтасы екендігін әшкере-леп, католицизм идеологиясының реакциялық негізін аша отырып, сонымен бірге еңбекшілерге —католиктерге, протестанттарға, басқа да діни сенімдегі адамдардың бәрине де, еңбекшілердің ортақ мүддесі үшін, бейбітшілік үшін, нан үшін, бостандық үшін бірлесе отырып күреске шығуға достық қолын созады.

М. ШЕЙНМАН.

үшін болған село волейболшыларының арасындағы зональді жарыс аяқталды. Оған Сталинград, Куйбышев, Пенза, Липецк; Балаховск, Астрахань, Чкалов облыстарының ерлер және әйелдер командасы қатысты.

Жарыста Пенза облысының ерлер командасы мен Чкалов облысының әйелдер командасы жеңіп шықты.

Редактор Г. МУХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢІЛДІ ЖҮЛДЫЗДАР»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАВРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢІЛДІ ЖҮЛДЫЗДАР»

Сағат 6, 8, 10-да басталады.

Шойын құю-таразы заводына түндікті жұмысқа: токарлар, фрезеровщиктер, ұсталар, балғашылар, штамповщиктер, слесарьлар, электрмен металл балқытушылар, газбен металл балқытушылар, үлгі жасаушылар, құюшылар және аломиний ыдыстарын жасауға үйренушілер, автомашинаға жүк тиеушілер, құрылысқа жұмысшылар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Базарбаев көшесі, 8-үйге келіп түсінік алуға болады.

Петропавл қалалық құрылыс-жөндеу конторына түпкілікті және уақытша жұмысқа ағаш шеберлері, шпикатуршылар, боюшылар, пешшілер, үй төбесін жабушылар, столарлар, автомашинаға жүк тиеушілер және ағаш дайындауға жұмысшылар КЕРЕК. Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Коммунист көшесі, 52-үйге келіп түсінік алуға болады.

Петропавл қаласы Дзержинский көшесі, 81-үйде тұрушы Хайрниса Зарифовна Айтова Петропавл қаласы Папанин көшесі, 29-үйде тұрушы Мұстафа Валеевич Айтовтан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы Восточный көшесі, 48-үйде тұрушы Александр Феофанович Валеев Петропавл қаласы, Париж коммунасы көшесі, 4-үйде тұрушы Нина Алексеевна Валеевадан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.